



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2025. №28 (4)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ОТАН ТАРИХЫ

2025. №28 (4)

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы Отечественная история History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2025. № 28 (4)

РЕДАКЦИЯ

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Редакциялық алқа

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Абдырахманов Толобек Әбілұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (Қырғыз Республикасы, Бішкек)

Апендиев Тимур Әкімханұлы – PhD докторы, доцент, жетекші ғылыми қызметкер, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Горшенина Светлана Михайловна – PhD, тарих ғылымдарының кандидаты; CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/ Sorbonne университетінің зерттеу бөлімінің директоры (Франция, Париж)

Исмағұлов Оразақ Исмағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің физикалық антропология зертханасының меңгерушісі (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Шиндзю Като – PhD (археология бойынша), Нарадағы мәдени құндылықтардың ұлттық ғылыми-зерттеу институты (Жапония, Нара)

Бирсель Каракоч – Уппсала университетінің түркі тілдерінің профессоры (Швеция, Уппсала қ.)

Мионг Сун-ок – антропология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор (Корея, Сеул)

Қозыбаева Махаббат Маликовна – PhD доктор; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Моррисон Александр – PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Ұлыбритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – археология ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс университетінің «Биоархеология» ғылыми орталығының жетекшісі (Литва, Вильнюс)

Муминов Әшірбек Құрбанұлы – тарих ғылымдарының докторы, арабтанушы, профессор; ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Түркия, Стамбул)

Нұрсан Әлімбай – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Отеева Гүлфира Елубайқызы – тарих ғылымдарының докторы, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры (Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.)

Оутрам Алан – археология ғылымдарының докторы, Эксетер университетінің археология және тарих кафедрасының профессоры (Ұлыбритания, Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна – Солтүстіктің байырғы халықтарының мәселелері және гуманитарлық зерттеулер институтының этнологиялық зерттеулер орталығының жетекшісі (АН СР(Ы) ХР) (Ресей Федерациясы, Якутск қ.)

Рюосуке Оно – Васеда университетінің тереңдетілген гуманитарлық зерттеулер орталығының доценті (Жапония, Токио)

Сәбитов Жақсылық Мұратұлы – Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институтының директоры, PhD доктор (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Томохико Уяма – PhD докторы, Хоккайдо университетінің славян және еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония, Саппоро)

Финке Питер – PhD докторы, Цюрих университетінің Макс Планк институтының профессоры (Швейцария, Цюрих)

Шотанова Ғалия Айтжанқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Жауапты редактор

Абдулина Ақсұңқар Тұрсынқызы

Жауапты хатшы және редактор

Мырзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нұрлыбек Айдарбекұлы

Көбеев Рүстем Джаулыбайұлы

Техникалық көмек

Зікірбаева Венера Серікқызы

Копеева Сания Жұматайқызы

РЕДАКЦИЯ

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Члены редакционной коллегии

Абиля Аманжолович – доктор исторических наук, профессор (Республика Казахстан, г. Астана)

Абдырахманов Толобек Абилович – доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН КР (Кыргызская Республика, г. Бишкек)

Апендиев Тимур Акимханович – PhD, ассоциированный профессор, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Горшенина Светлана Михайловна – доктор PhD, кандидат исторических наук; директор по исследованиям CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Университет Сорбонны (Франция, г. Париж)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана)

Като Синдзи (Shinji Kato) – PhD (в области археологии), Национальный научно-исследовательский институт культурных ценностей в Наре (Япония, г. Нара)

Бирсель Каракоч, профессор турецких языков, Уппсальский университет (Швеция, г. Уппсала)

Мионг Сун-ок – доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, г. Сеул)

Козыбаева Махаббат Маликовна – доктор PhD; ведущий научный сотрудник Института культуры и духовного развития «Алаш» Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана)

Моррисон Александр – PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – доктор археологии, профессор, руководитель Научного центра «Биоархеология» Вильнюсского университета, (Литва, г. Вильнюс)

Муминов Аширбек Курбанович – доктор исторических наук, арабист, профессор; консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул)

Нурсан Алимбай – кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Отеева Гульфира Елубаевна – доктор исторических наук, профессор Павлодарского педагогического университета им. А.Х. Маргулана (Республика Казахстан, г. Павлодар)

Оутрам Алан – доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории университета Эксетере (Великобритания, г. Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна, руководитель Центра этнологических исследований Института гуманитарных исследований и проблем малочисленных народов Севера (ИГИ АН РС(Я)) (Российская Федерация, г. Якутск)

Рюосуке Оно – доцент, Центр перспективных гуманитарных исследований, Университет Васеда (Япония, г. Токио)

Сабитов Жаксылык Муратович – директор Научного института изучения Улуса Джучи, доктор PhD (Республика Казахстан, г. Астана)

Томохико Уяма – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований университета Хоккайдо (Япония, г. Саппоро)

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, г. Цюрих)

Шотанова Галия Айтжановна – кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Ответственный редактор

Абдулина Аксункар Турсуновна

Ответственный секретарь и редактор

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Научные редакторы:

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нурлыбек Айдарбекович

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Техническое сопровождение

Зикирбаева Венера Сериковна

Копеева Саня Жуматаевна

EDITORIAL TEAM**Editor-in-Chief**

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, general Director of Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editorial board members

Abil Erkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Republic of Kazakhstan, Astana)

Abdyrakhmanov Tolobek Abilovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Kyrgyz Republic (Kyrgyz Republic, Bishkek)

Apendiev Timur Akimkhanovich – PhD, associate professor, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Gorshenina Svetlana Mikhailovna – PhD, Candidate of Historical Sciences; Research Director of CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Sorbonne University (France, Paris)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Laboratory of Physical Anthropology of the National Museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana)

Shinji Kato – PhD (Archaeology), Nara National Research Institute for Cultural Properties (Japan, Nara)

Birsel Karakoch – Professor of Turkic Languages, Uppsala University (Sweden, Uppsala)

Myong Soon-ok – PhD (Anthropology), Associate Professor (Seoul, Korea)

Kozybaeva Makhabbat Malikovna – PhD; Leading Researcher, Institute of Culture and Spiritual Development «Alash» of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Republic of Kazakhstan, Astana)

Morrison Alexander – PhD, Professor, New College, Oxford (United Kingdom, Oxford)

Motuzaitė-Matuzevichute Gidrė – Doctor of Archaeology, Professor, Head of the Scientific Center «Bioarchaeology» of Vilnius University, (Lithuania, Vilnius)

Muminov Ashirbek Kurbanovich – Doctor of Historical Sciences, Arabist, Professor; Consultant to the Director General for Organizational Activities of the OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul)

Nursan Alimbay – Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Otepova Gulmira Elubayevna – Doctor of Historical Sciences, Professor at the A. Margulan Pavlodar Pedagogical University (Republic of Kazakhstan, Pavlodar)

Outram Alan – Doctor of Archaeological Sciences, Professor of the Department of Archaeology and History, University of Exeter (Great Britain, Exeter)

Romanova Ekaterina Nazarovna – Head of the Center for Ethnological Research, Institute for Humanitarian Research and Problems of Indigenous Peoples of the North (IHR RAS (Yakutia)) (Russian Federation, Yakutsk)

Ryuosuke Ono – Associate Professor, Center for Advanced Humanitarian Studies, Waseda University (Japan, Tokyo)

Sabitov Zhaksylyk Muratovich – Director of the Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, PhD (Republic of Kazakhstan, Astana)

Tomohiko Uyama – PhD, Professor, Center for Slavic-Eurasian Studies, Hokkaido University (Japan, Sapporo)

Finke Peter – PhD, Professor, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland, Zurich)

Shotanova Galiya Aitghanovna – Candidate of historical sciences, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editor-in-Chief

Abdulina Aksunkar Tursunovna

Responsible Secretary and Editor

Murzakhodjaev Kuanysh Madievich

Scientific Editors:

Kasymova Didar Beysengalieva

Chernienko Denis Arkadyevich

Dosymbetov Nurlybek Aidarbekovich

Kubeev Rustem Dzhaubayuly

Technical support

Zikirbaeva Venera Serikovna

Kopeeva Saniya Zhumataevna



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhy
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 4. Pp. 1148–
1165
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP /MPHTI /IRSTI 03.20.

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_4_1148-1165

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҚТАРЫ МЕН КӨТЕРІЛІСТЕРІ МӘСЕЛЕСІНЕ ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ

Бекзат Акконысулы Молдин^{1,2}, Мәден Асылбек Туреханович³

¹Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
(Ә. Молдағұлова даңғ, 34. 030000 Ақтөбе, Қазақстан Республикасы)
Докторант PhD

<https://orcid.org/0009-0006-7600-2194>. E-mail: moldin.b@zkm.kz

²Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті

³Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
(Ә. Молдағұлова даңғ, 34. 030000 Ақтөбе, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент
<https://orcid.org/0000-0003-4498-8105> E-mail: maden.assylbek80@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Молдин Б.А., Мәден А.Т., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстанда болған халық көтерілістері мен наразылықтар туралы жүргізілген ғылыми зерттеулерге талдау жасалып, осы мәселенің Отандық және алыс-жақын шет елдердің тарихнамасындағы зерттелу деңгейі анықталған. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* 1990-2024 жылдар аралығында жарияланған тарихнамалық деректерге шолу жасап, ондағы көтерілген мәселелердің шеңберінде қарастырылған: жаппай халықты тәркілеу саясатына, күштеп ұжымдастыруға, қазақ халқы үшін ауыр болған ет, астық басқа да экономикалық мәжбүрлеу науқандарына, олардың жүргізілу барысындағы заңсыздықтарға қарсы бағытталған көтерілістер себептерінің, сипатының авторлар тарапынан бағалануының ерекшеліктеріне назар аударту. *Материалдар мен әдістер.* Осы кезеңге дейін жарияланған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде, соның ішінде монографиялар, мақалалар, мұрағаттық жинақтарда келтірілген материалдар көмегімен көтерілістердің нақты саны мен қатысушылардың ұлттық, әлеуметтік, территориялық құрамы және қамтыған аймақтары туралы ақпараттар деректерді саралау әдісі арқылы сарапталып, оларға берілген бағаларға аналитикалық әдістің көмегімен талдау жасалады. Осыған дейінгі жарияланған тарихи деректер жүйелік әдіспен тәртіпке келтіріледі және де халық наразылықтары мен көтерілістерді басу барысында орын алған заңсыздықтар, көтерілістерге қатысқаны мен оларды қолдағаны үшін сот және соттан тыс органдардың саяси мекемелердің қатыгездік жолмен жасаған жазаларына да баға беріледі. *Қорытынды.* Автор тарапынан XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы кеңестік саясатқа қарсы халық наразылықтары мен көтерілістерінің тарихы жарияланған түрлі әдебиеттер мен тарихнамалық деректерге талдау жасау арқылы мәселенің Отан тарихындағы зерттелу деңгейін анықтап, сараптама жасап, зерттеудің

келешегі, тарихи мәселені алдағы уақытта тарихи хронологиялық, логикалық бірізділік, жүйелік, әлеуметтанулық принциптер негізінде тереңдете қарастыру қажеттігі туралы нақты ұсыныстар беріледі.

Кілт сөздер: халық көтерілістері, наразылықтар, тарихнама, зерттелу деңгейі, архив құжаттары, саяси-экономикалық науқандар, күштеп ұжымжастыру, мәжбүрлі отырықшыландыру, жазалау шаралары.

Дәйексөз үшін: Молдин Б.А., Мәден А.Т. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы халық наразылықтары мен көтерілістері мәселесіне тарихнамалық шолу // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 4. 1148–1165-бб. [қазақ.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1148-1165

ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР ПРОБЛЕМ НАРОДНЫХ ПРОТЕСТОВ И ВОССТАНИЙ В КАЗАХСТАНЕ В 20-30-Х ГОДОВ XX ВЕКА

Бекзат Акконысулы Молдин^{1,2}, Мәден Асылбек Туреханович³

¹Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова,
(д.34. пр. А. Молдагуловой, 030000 Актобе, Республика Казахстан)
Докторант PhD

<https://orcid.org/0009-0006-7600-2194>. E-mail: moldin.b@zkmk.kz

²Западно-Казахстанский медицинский университет имени М. Оспанова

³Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова,
(д.34. пр. А. Молдагуловой, 030000 Актобе, Республика Казахстан)

кандидат исторических наук, доцент

<https://orcid.org/0000-0003-4498-8105> E-mail: maden.assylbek80@gmail.com

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Молдин Б.А., Мәден А.Т., 2025

Аннотация. *Введение.* В статье проведен анализ научных исследований, посвященных изучению восстаний и недовольства в 20-30-годах XX века в Казахстане, определяется уровень изучения данной проблемы в историографии отечественной науки, ближнего и дальнего зарубежья. *Цели и задачи исследования.* Сделать обзор трудов отечественных и зарубежных ученых, в том числе монографий, статей, литературных произведений, опубликованных в период с 1990 по 2024 годы с целью определения оценки авторами их причин, характера восстаний, направленных против политики массовых конфискации у населения, насильственной коллективизации, а также других трудных для казахского народа кампаний экономического принуждения по выполнению планов сдачи мяса, зерна и беззакониям в ходе их проведения. *Материалы и методы.* С помощью материалов, приведенных в опубликованных до этого периода трудах отечественных и зарубежных ученых, в том числе монографий, статей, литературных произведений, анализируется информация о фактическом количестве восстаний и национальном, социальном, территориальном составе участников и охватываемых ими зонах методом дифференциации данных, рассматриваются их оценки с помощью аналитического метода.

Ранее опубликованные исторические данные методом систематизации приводятся в порядок, а также оцениваются неправомерные действия, имевшие место в ходе подавления народных протестов и восстаний, а также жестокое обращение судебных и внесудебных органов с политическими органами за их участие и поддержку. *Заключение.* Автор на основе анализа различной литературы и историографических данных по истории народных протестов и восстаний против советской политики в Казахстане в 20-30-е годы XX века определяет уровень изученности вопроса в истории Отечества, проводит анализ и дает конкретные рекомендации о перспективах исследований, необходимости более глубокого рассмотрения исторического вопроса в будущем на основе историко-хронологического, логического, системного и социологического принципов.

Ключевые слова: народные восстания, недовольства, историография, уровень исследования, архивные материалы, политико-экономические кампании, насильственная коллективизация, принужденная седентаризация, меры наказания.

Для цитирования: Молдин Б.А., Маден А.Т. Историографический обзор проблемы народных протестов и восстаний в Казахстане 1920–1930-х годов // Отечественная история. 2025. Т. 28. № 4. С. 1148–1165. [на казах.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1148-1165

HISTORIOGRAPHIC REVIEW OF THE PROBLEMS OF POPULAR PROTESTS AND UPRISINGS IN KAZAKHSTAN IN THE 1920s–1930

B.A. Moldin^{1,2}, A.T. Maden³

¹K. Zhubanov Aktobe Regional University,
(34 A. Moldagulova Avenue, 030000 Aktobe, Republic of Kazakhstan)
PhD Doctoral Student.

<https://orcid.org/0009-0006-7600-2194>. E-mail: moldin.b@zkm.kz

²M. Ospanov West Kazakhstan Medical University

³K. Zhubanov Aktobe Regional University,
(34 A. Moldagulova Avenue, 030000 Aktobe, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor.
<https://orcid.org/0000-0003-4498-8105> E-mail: maden.assylbek80@gmail.com

© Valikhanov IHE, 2025

© Moldin B.A., 2025

Abstract. Introduction. The article presents an analysis of scholarly research devoted to uprisings and discontent in Kazakhstan during the 1920s–1930s. It identifies the level of historiographical study of this issue in domestic science as well as in near- and far-abroad scholarship. *Purpose and Objectives of the Study.* The aim of the work is to review the studies of domestic and foreign scholars, including monographs, scientific articles, and literary works published between 1990 and 2024, in order to determine how authors assess the causes and character of uprisings directed against policies of mass confiscations, forced collectivization, and other economically coercive campaigns imposed on the Kazakh population, such as livestock and grain procurement plans, as well as the unlawful actions committed during their implementation. *Materials and Methods.* Using materials presented in previously published works of domestic and foreign researchers—including monographs, articles, and literary works—the study analyzes information on the actual number of uprisings and the national, social, and territorial composition of participants, as well as the areas they covered. Through the method of data differentiation and analytical assessment, the study reviews existing interpretations. Previously published historical data are systematized, and unlawful actions committed during the suppression of public protests and uprisings—as well as the harsh treatment by judicial and extrajudicial bodies toward participants and supporters—are evaluated. *Conclusion.* Based on an analysis of diverse sources and historical data reflecting the history of public protests and uprisings against Soviet totalitarian policies in Kazakhstan in the 1920s–1930s, the author seeks to determine the level of scholarly examination of this topic in national historiography and offers concrete recommendations on the need for further research using historical-chronological, logically consistent, systemic, and sociological principles.

Keywords: popular uprisings, public discontent, historiography, level of research, archival materials, political and economic campaigns, forced collectivization, compulsory sedentarization, punitive measures.

For citation: Moldin B.A., Maden A.T. Historiographical review of the issue of popular protests and uprisings in Kazakhstan in the 1920s–1930s // Otan Tarihy. 2025. Vol. 28. № 4. Pp. 1148–1165. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_4_1148-1165

Қысқашы. Бүгінгі таңда Қазақстан тарихынан іргелі зерттеулердің саны артып, ғылыми ортада да, жалпы халық арасында да оған деген қызығушылықтың көбейгені қуантарлық жайт. Әсіресе ол

билік тарапынан халық жадынан әдейі өшіруге ұмтылғанымен, санасында сақталған «ақтаңдақ беттерге» қатысты мәселелерді ашуда үлкен маңызға ие болуда. Ашық жария болмағанымен, жалпылама ел білетін, дегенмен, идеологиялық тұрғыдан жасырын болып келген сондай жайттардың бірі – Кеңестік тоталитарлық жүйеге қарсы халық наразылықтары мен көтерілістері туралы шынайылық. Аталмыш кезеңдегі наразылықтар мен көтерілістер туралы арнаулы еңбектер мен мақалалар тарих ғылымында, оның ішінде арнайы ғылыми-зерттеу жұмыстарында, ақпарат құралдарында жарияланып келді және олар жариялануда. Осылардың арқасында жалпылама түрде мұндай көтерілістердің болу себептері, басталған жерлері, қамтыған аумақтары туралы мәліметтер жалпылама жария болды. Алайда, ол білімдер қаншалықты дұрыс, қандай деңгейде ашылған – осы жайттар әлі де тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Бұл көтерілістердің негізгі себептері: тәркілеу, көшпелі аудандарды отырықшыландыру, күштеп ұжымдастыру, ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау бойынша шамадан жоспар орындау науқандары және басқа да факторлар екендігі жасырын емес. Жалпылама көпшілікке танымал оқулықтардағы деректерге сүйенсек, «1929-1931 жж. барлығы 372 көтеріліс жүріп, оның ішінде 25 көтеріліс қарулы сипатты иеленіп, оларға 80 мыңға жуық адам қатынасқан» делінген. Дегенменде осы жұмысты жүргізу барысында бұл мәліметтердің толық еместігі айқындалды. Дәстүрлі өмір салты бұзылған, биліктің асыра сілтеу саясаты, экономикалық реформалардың ғылыми негізсіз жасалуы шын мәнінде көтерілістердің онан ертерек – 1927 жылдан бастау алғандығын және 1933 жылға дейін толастамағандығын, оған қатынасқан адамдардың саны қазіргі ұсынылып жүрген деректердегіден әлдеқайда көп болғандығын көрсетіп отыр. Сондықтан, зерттеу жұмысын жүргізудегі алғашқы саты – осы бағыттағы атқарылған жұмыстар мен зерттеулерге шолу жасау мен сараптама жүргізуден басталуы тиіс. Аталмыш тақырыпқа қатысты әдебиеттер, ғылыми зерттеулер мен деректер бүгінгі таңда біршама деңгейде баршылық. Дегенмен, оларға шолу жасауда жүйелі тұрғы, бірізділікке келтіру мәселесі әлі де жеткіліксіздігі байқалады. Түрліше деректердегі ақпараттарды бірімен-бірін жүйелі байланыстыру, тәртіптеу – тарихи ақиқатты шынайы бейнелеуге көмектесетін басты факторлардың бірі екендігі сөзсіз. Мақалада мен XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы халық көтерілістері мен наразылықтары туралы жарияланған түрлі әдебиеттер мен тарихнамалық деректерге талдау жасай отырып оларды жүйелі түрде көпшілік назарына ұсындық, сондықтан, оларды тарихи оқиғалардың хронологиясына және таралу географиясына байланысты жүйелі тәртіппен саралау – *мақаланың өзектілігі* ретінде ұсынылады.

Себебі, тұтас өлкедегі көтерілістерді зерттеу – болашақтың ісі және өте көп зерттеуді қажет етеді. Жалпы аталмыш тақырыптағы ізденістер – біздің негізгі еңбегіміздің арқауы болмақ. Осылайша, біз тұтас Қазақ өлкесіндегі көтерілістер мен наразылықтарды қарастыра келіп, дедукциялық жолмен, Батыс өңірінде, оның ішінде Ақтөбе облысының барлық аудандарында қамтыған наразылықтар мен көтерілістерге баса назар аударуды жоспарлаудамын. Бұл әрине, алдағы зерттеулердің еншісінде, сондықтан осы мақалада бұған дейінгі жарияланған және зерттелген түрлі тарихи деректерге шолу және сараптама жасалатын болады. Кез-келген жұмысты бастамастан бұрын оның зерттелу деңгейі, бір сөзбен айтқанда – тарихнамасын қарастырып алу қажет. Осыған дейін XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы наразылықтар туралы жарияланған деректемелер біршама болғанымен, оларды бір жүйеге келтіру, мәселенің зерттелу деңгейі толықтай сарапқа салынды деп айта алмаймыз. *Мақаланың мақсаты* да осы мәселелердің тарихнамалық жағы, зерттелуі мен тәжірибесінің және ондағы проблемалардың ашылу деңгейіне талдау жасау болмақ.

Жалпы Қазақ тарихының XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы ақтаңдақ беттерін зерттеу ісі 1990-жылдардан бастау алады. Әсіресе 1992 жылғы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің жанынан құрылған Комиссиясының 31 мамырды тоталитаризм құрбандарын еске алу күні деп белгілеуі, «қазақ халқын ашаршылыққа душар еткен XX ғ. 30-жж. саяси-экономикалық өзгерістерді зерттей келіп, сол кезгі солақай реформа бұрмалаулары туғызған, қайғы-қасіреті айтып жеткізгісіз ауыр ахуалды қазақ халқына жасалған «геноцид саясатының көрінісі» деп бағалауы (жекелеген тарихшылар оны негізінен «тек көшпенді қазақты апатқа ұшыратқан этноцид» деп түйген) тарихты басқаша зерделеуге әкелді. Комиссия жұмысының нәтижелік қорытындылары Жоғарғы Кеңес Төралқасының қаулысымен 1992 жылы 22 желтоқсан күні еліміздің басты газеттері «Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская правда» жарияланды. Осы кезден бастап, көптеген жаңа мәліметтер белгілі бола бастады. Дегенмен, түрлі жылдарда бұл зерттеу жұмыстары бәсеңсіп қалғандығы да жасырын емес. Тарихи сананы жаңғыртуға тағы бір септігін тигізген жайт - Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылдың 24 қарашадасы күнгі «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын

толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия жөніндегі» жарлығы бойынша республиканың барлық облыстарында құрылған зерттеу тобының жұмыстары. Оның жұмысының нәтижесінде жария етілген архив құжаттарының жинақтары арқылы көптеген тың мәліметтер белгілі болды. Міне, осы кезеңнен бастап, түрлі жарияланымдар беттерінде аталмыш мәселе бойынша жарық көрген жекеленген мақалалардан бастап, тұтас еңбектер, монографиялар, арнайы тарихи әдебиеттер баспадан шықты. Осы еңбектерді мүмкіндігінше саралау, олардағы келтірілген деректер мен мәліметтерді саралау – жұмыстың басты міндетіне айналды.

Зерттеудің деректері мен әдістері. Мақалада 1990-2024 жылдар аралығында жарияланған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, соның ішінде монографиялар, мақалалар, әдеби шығармалар қолданылды. Бұларға қосымша ретінде Ақтөбе облыстық мұрағаты және аудандық мұрағаттардағы зерттеулер мен ҚР Президент архивінен алынған ақпараттар сараланып, 1920-30 жылдар арасындағы кезеңдерді зерттеген еңбектерді мен мұрағаттық жинақтар пайдаланылды.

Осы материалдарға талдау жасала отырып, *XX ғасырдың 1920-1930 жылдары аралығында Қазақ өлкесінде Кеңестік билікке қарсылық ретінде болған көтерілістер мен наразылықтар тарихын зерттеу біршама деңгейде жүргізілген, бірақ, оларды жүйелі түрде қамтып, сараптамалық негізде, әлеуметтік, саяси, рухани, географиялық жағынан толықтай саралау әлі де жеткіліксіз, сол себепті аталмыш мәселелерді тарихнамалық тұрғыдан қайта қарау, оларға мұрағат деректерін қосу арқылы шолу жасап, зерттеу қажеттілігі алдағы зерттеудің гипотезасы* ретінде ұсынылуда.

Нәтижелер мен талдаулар. Материалдарға сүйене отырып, осы мақалада, Ақтөбе облыстық мұрағаты және аудандық мұрағаттардағы зерттеулер мен ҚР Президент архивінен алынған ақпараттар, «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссиясының» құжаттар мен материалдар жинағы, Алашорда ісі. 1920-1940 жж. құжаттары мен материалдары сараланып, 1920-30 жылдар арасындағы кезеңдерді зерттеген еңбектерді негізге ала отырып бірнеше мәселе қарастырылды.

Талқылау. Жоғарыда айтып өткеніміздей, 20-30 жылдардағы халық наразылықтары мен көтерілістерін зерттеу 1990 жылдардан бастау алатыны белгілі. Бұл туралы ерекше назар аудартатын еңбек - тарихшы Талас Омарбековтың зерттеулері. Оның 1994 жылы жарық көрген «Зобалаң (күштеп ұжымдастыруға қарсылық)» атты оқу құралы мен 1997 жылы шыққан «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» көмекші оқу құралы көптеген мәселелердің бетін ашып береді. Бұл еңбегінде автор «Жаңа ғылыми-методологиялық тұрғыдан өткендегіні бұрмалауларды, догмаларды сын көзбен бағалау, жаңа, көп қырлы концепциялар ұсыну мүмкіндігін толық пайдалана отырып, аталған тарихнаманы үш кезеңге бөліп қарастыруды» ұсынады. Бірінші және екінші кезеңге автор 20-жж. ортасынан бастап, жаппай ұжымдастырудың және күштеп отырықшыландырудың басталуына, яғни 1929 жылдың соңына дейінгі кезең мен 1930 жылдардың зобалаң, ашаршылық, халық көтерілістері, жаппай репрессия уақыттарын жатқызады. Ал үшінші кезең – ұлт зиялыларына шабуыл уақытын – 1937-1938 жылдардағы «үлкен террорды» қамтиды. Ол бұл науқанның басталуын 1928 жылғы И.Сталиннің Сібір сапарынан кейінгі «Бақыттан бас айналу» деген мақаласынан соң басталған шаруалардан астықты күшпен тартып алу әдісін Қазақстан басшылары алғашқылардың бірі болып енгізгенін және Голощекин бастаған республиканың біршама басшыларының «байларға шабуыл» деген бүркеме ұранды жамыла отырып, үлкен әрі ауқымды кез-келген міндеттерді өте қысқа мерзімде зорлық-зомбылықты қолдану арқылы шешкенін, оның салдары қазақ халқы үшін аса ауыр болғанын тарихи кеңестік құжаттармен көрсетті. «Бандиттік» (кеңестік тарихи құжаттарда берілген атау. Автор) бас көтерулер мен ата қоныстан ауа көшулерді есептемегеннің өзінде 1929-1931 жылдары Қазақстанда 372 шаруалар бас көтерулері болғаны айтылады. Жылдарға шақсақ, олардың 54-і 1929 жылы, 241-і 1930 жылы, ал 77-і 1931 жылы болғанын келтіре отырып, көтерілістердің жыл сайын өрістегенін тұжырымдады. 1929-1931 жылдардағы Тақтакөпір, Бостандық, Батпаққара, Созақ, Ырғыз, Қарақұм, Өскемен, Зырян, Шұбар, Балхаш, Шоқпар, Адай Көтерілістерінің себебін, жүру барысын, нәтижесі мен салдарын тарихи құжаттар негізінде зерттеген. Дегенмен, ғалым өз еңбектерінде келтіргендей кейбір аймақтардағы халықтың стихиялық сипаттағы наразылықтары мен көтерілістер әлі де толық зерттеуді қажет етеді [Омарбеков, 1994: 272]. Осыған орай автордың XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы болған еліміздегі тарихи оқиғаларды кезеңделуімен келісе отырып, халық көтерілістерінің 1931 жылмен тоқтамағандығын дәлелдеу қажеттілігі туындайды. Ол әсіресе еліміздің Батыс өңірінде, дәлірек айтсақ, Маңғыстауда, қайта межелеу салдарынан кейін Ақтөбе,

Гурьев (Атырау – авт.) облыстарының құрамына кірген біршама аудандарда 1933 жылға дейін болғанын қосқан жөн.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы көтерілістер мен наразылықтардың алғышарттары мен себептерінің зерттелуі. Көтерілістер мен наразылықтардың басталуына Т.Омарбеков ұжымдастырудың әр түрлі қырларын қарастыра келіп, мәжбүрлі түрде астық, ет тапсыру, шаруалардан жүн, тері, басқада мал өнімдерін өткізуге күштеу - негізгі себеп болып, нәтижесінде «Халық күштеу саясатына деген өзінің наразылықтарын көтерілістер түрінде ғана білдіріп қоймай, өкімет және кеңес белсенділеріне қарсы қастандық жасау, колхоз және совхоз мүліктерін әдейі өртеуге барғаны, елін, жерін тастап көшкені» туралы айтылып, бұл сипаттың еліміздің барлық аймағын қамтығанына баса назар аударады. [Омарбеков, 1997: 320]. Бұл әрине талас тудырмайтын жайт, дегенмен де оны тек қана экономикалық себептермен шектеуге болмайды. Архив материалдарына сүйенсек, көтерілістердің негізгі орталықтары мешіттер мен медреселер болғанына көз жеткіземіз. Сондықтан, себептер қатарына рухани, діни, дәстүрге жасалған идеологиялық шабуылдарды да жатқызған жөн.

1929-31 жылдардағы халықтық наразылықтарды шаруалар қозғалысы түрінде көрсеткен зерттеушілердің пайымдауларының негізінде Т.Омарбеков көтерілістің ұлт-азаттық сипатын ашуда: «...1) Ол бір орталыққа бағынатын, ұлттық мүддені белсенді қорғайтын тұтасқан тасқынға айналды; 2) Көтерілістердің бастаушы, жетекші күші ауқатты қазақ шаруалары және халыққа ықпалды дін басылары болды; 3) 1929-31 жылдардағы қазақ шаруаларының сталиндік коммунистік империяның қатал саясатына, қазақ ауылын оның дәстүрлі даму жолынан тайдыру әрекетіне қарсы белсенді қарсылықтарын - кезінде патшалық Ресей империясының өктемдігіне қарсы жүргізілген қазақ шаруаларының жанкешті ұлт-азаттық қозғалысының заңды, табиғи жалғасы және ең соңғы кезеңі» - деп жүйелі негіздемелер береді. [Мұхатова, 2016: 310, 311].

Көтеріліп отырған мәселені зерттеуде белгілі ғалымдар М.Қ. Қозыбаев, Ж.Б. Абылхожин, Қ.С. Алдажұманов мол үлес қосқан. Олар өз еңбектерінде: «Қазақстандағы ұжымдастыру саясаты шаруалар үшін орасан зор әлеуметтік-экономикалық, дәстүрлі өмір мен жүздеген жылдар қалыптасқан экономикалық жүйені түбегейлі өзгерткен процесс болды, соның салдарынан аштық, қожалықтардың мүлкін тәркілеу, күштеп көшіру, көші-қон саясатының демографиялық шығындары көп болды. Нәтижесінде қазақ шаруалары ұйымдасқан алғашқы көтерілістер 1929 жылы күзде басталып, 1931-32 жылдарға дейін созылды. Шаруалардың қарсылықтары көтерілістер, толқулар, зорлық-зомбылық шараларына наразылықтар ретінде көрініс тапты. Бірақ көтерілістер бір-бірінен оқшау, стихиялық көтеріліс болды, жалпы халық көтерілістері өкіметтің теріс саясатына қарсы бағытталған» деп нақтылаған. Сондай-ақ, М.Қ. Қозыбаев, Ж.Б. Абылхожин, Қ.С. Алдажұманов Т.О. Омарбеков, К. Жаулин, С. Наушабеков, Ж. Таңатарова отырықшыландыруды зорлық-зомбылықпен жүргізілгендігін ғылыми негіздей отырып, көшпелі халықтың ерекшеліктері ескерілмей, өрескел қателіктерге жол берген *сталиндік седентаризация* екендігіне ерекше назар аудартады. [Қозыбаев и.др., 1992, 1992: 37].

Ал, міне осы тұрғыдан алғанда күштеп отырықшыландыру, яғни седентеризация басты себептің бірі екендігіне назар аударту керек. Жалпы көшпелілерді отырықшыландыруға ұмтылыс XVIII ғасырдан-ақ басталғандығы, ал түрлі реформалар жолымен XIX ғасырда кең көлемде жүзеге асырылғандығы белгілі. Десек те, мәжбүрлі, күштеп, оның ішінде тоталитарлық-террорлық жолмен, қантөгіспен көшпелі өмір салтынан айыру – XX ғасырдағы большевиктік саясаттың еншісі.

Айтып өткеніміздей, осы көтерілістердің себептерін көпшілік ғалымдар экономикалық себептерден іздестіреді. Оларға мәселен, А.С. Зулкашева, Г.Т. Исахан, Ж.А. Сатаева құрастырған құжаттар жинағының II томында дәстүрлі қазақ ауылының өміріндегі түбегейлі өзгерістерді қарастырып, оларда күштеп ұжымдастыру, байларды тап ретінде жою, отырықшыландыру мәселелеріне қатысты деректер жарияланған. Астық жинау, ет науқанына жалпы кеңестер билігінің күштеу саясатына қарсы бағытталған көтерілістерге, ашаршылық кезіндегі халықтың жаппай көшуіне байланысты архив құжаттарына негізделген деректерді [Трагедия казахского аула, 2018: 744] келтіруге болады.

Осылайша, көтерілістердің басты себептерін, біз төмендегідей топтастырғанды жөн көрдік:

- 1) 1927 жылғы астық дайындау науқанынан кейін туындаған ЖЭС тоқтату саясатынан туындаған аса ірі байларды тәркілеу саясаты;
- 2) Мәжбүрлі отырықшыландыру, яғни седентеризация саясаты;
- 3) Кулактарды тап ретінде жою мен оларды жер аудару, олармен «таптық күрес»;

4) Жаңадан құрылған ұжымшарларға таңылған ақылға сыйымсыз жоспар орындау науқандары, салық пен жоспар міндеттемелерінің шектен тыс артуы, олардың жүйесіз жүргізілуі;

5) Кеңестік биліктің «Мәдени революция» саясаты, «ескішілдікпен күрес», «жаңа пролетарлық мәдениет құру» секілді ұрандар арқылы ұлттың рухани болмысын жоюға талпыныстар. Әсіресе, мешіттердің жабылуы немесе діни қызметкерлердің билік тарапынан қудалануы, дәстүрлі мәдениеттегі рухани орталықтың тәрк, тіпті мазақ етілуі;

6) Партия ішілік тазартуды осы жаппай күрес науқаны шеңберінде жүргізу, ру-ауыл аралық, жергілікті кадрлармен «келімсек» кадрлардың күресін жүргізудің арнайы тәсілдерінің біріне айналуы.

1917 жылғы қос бірдей төңкерістің, онан соңғы Азамат соғысының, ЖЭС-ң қазақ даласына тигізген оң және теріс әсерлерін жалпыресейлік толқынмен салыстыруға келмейді, олар империяның шеткері аймақтарында аса бір елеулі бола қойды дей алмаймыз. Дегенмен, ең бір ерекше көрініс тапқаны – 1928 жылғы 27 тамыздағы «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу мен жер аудару» туралы Декретінің мақаладағы оқиғалардың басты себептерінің бірі болғанына зерттеушілер тек айтып өткені болмаса, нақты деректер түрінде тоқтала қоймайды. Тек мал-мүлікті ғана емес, ел тізгінін ұстаған жандардың, ағайынға көмек қолын созатын адамдардың бар жиған-тергенін тартып алу, оларды елден аластату – осы наразылықтардың басталуына негіздердің бірі болғаны анық.

Бізге мәлім зерттеулерде «тәркілеу» сөзі көп ретте көтерілістер басылғаннан кейін, олардың салдарымен күрестің бір жолы ретінде қарастырылып өткен.

Барлық бірдей зерттеу жұмыстары бас көтерулердің себептеріне отырықшыландыруды, ұжымдастыруды, артық жоспарлардың таңылуын айтады.

Мысал ретінде мына үзіндіге назар аударып көрелік: «Қазақ шаруаларының мойнына түскен ауыр азаптарды ауыл шаруашылық өнімдерін, оның ішінде астық дайындау науқандарын әкелді. Зерттеушілер тек «екі астық даярлау науқандарының (1928-1929 және 1929-1930 жж.) барысында және үш қана округтің (Ақмола, Петропавл және Семей округтерінің) шеңберінде... 34 120 адам айыпталып, 22 307 шаруашышық әкімшілік жауапкершілікке тартылған, 23 млн сомнан астам мүлік тәркіленіп, 53,4 мың бас мал, 631 мың пұт астық, 258 бірліктегі түрлі құрылыстар тәркіленген...» деп келтірген [Қозыбаев и.др., 1992: 37].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 ж. 24 қарашадағы № 456 Жарлығына сәйкес «Алашорда ісі» 1920-40 жж. құжаттар мен материалдар жинағының «Әулеттерге жасалған қиянат» атты 8-томында 1920-30 жылдардағы халық үшін бас көтергендерге төмендегідей баға берілген: «Антинационалистическая организация широко развернула работу по формированию подпольных районных и областных филиалов организации, вовлечение в них контрреволюционных националистических кадров: алашординцев, бывших карателей, басмачей, активных, участников повстанческого движения, мулл, баев и прочий антисоветский элемент». Мұнан әрі оларға тағылған айыптарға қарайтын болсақ: «участник антисоветских рядовых группировок; активный член к-р националистической организации, проводил контрреволюционную работу направленную на срыв мероприятий ВКП (б) и советского правительства по вопросу коллективизации; как член организации о заданию ее проводил вредительскую деятельность а колхозов завербовал в контрреволюционных группу и.т.д.» 1929-1932 жылдары халық көтерілістерін ұйымдастырып халықты кеңестер билігіне қарсы қойды деп айыпталған бірнеше көзі ашық, сауатты, азаматтардың аты-жөні берілген. Олардың ішінде: Баймурзин К., Демеуов Е., Атагозин Х., Башпаев А., Тлесов Т., Хасанов С., Усербаев С., Сатанов С., Тюрбебаев Б. т.б. азаматтар көрсетілген [Алашорда ісі..., 2023: 528].

Бұл бағалардан биліктің көтерілістерге қатысушылардың барлығына ортақ «антисоветские элементы» деген атау беріп, олардың әлеуметтік-саяси құрамының ерекшелігін ескермей, бір ұйымға біріктіруге, сөйтіп «ұйымдасқан қылмыс» үшін берілетін жаза арқылы айыпты ауырлатуға ұмтылғанын көре аламыз.

Тарихшы Қ.С.Алдажұманов бас көтерулердің себептері деп «ауылдар мен деревняларда жүргізілген саясатқа ашық қарсылықтарды», «күштеп қысым көрсету мен қатаң үкімдерді» атап көрсетеді. Бас көтерулерге итермелеген нақты себептің ретінде ол «ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау саясаты, сонымен қатар КСРО ХКК мен ОАК 1930 жылғы 1 ақпандағы тап ретінде кулактар мен байларды жою туралы қаулыларының негізінде тап күресін жасанды түрде шиеленістіру» болғандығын айтады. Мұнан арғы жағдайға тереңірек тоқтала отырып, автор наразылардың бір бөлігі қарсылық көрсету жолына түсіп, оның «бандитизм» ретінде

бағаланғандығын және республиканың шын мәнінде азамат соғысы жағдайында болғандығын көрсетті. 1929 жылдың күзінен 1932 жылға дейін Қазақстанда «шамамен 380 көтеріліс пен шаруалар толқындары» болып өткен. Комиссияның алған бастапқы мәліметтері «30-жылдардағы көтерілістер 80 мыңдай тұрғындарды қамтығанын», «ірі көтерілістерге қатысқаны үшін ғана ОГПУ үштігінің шешімімен ОГПУ 5551 адамның сотталғанын, оның 883 атылғанын» көрсетті. Бастапқы халық көтерілістері бірнеше мың адамның қатысуымен кездейсоқ толқуларға айналды. Ұжымдастырудың басында Қазақстанның әртүрлі аймақтарында ұйымдасқан наразылықтар басталды, бірақ ашаршылық күшейген сайын бұл қозғалыстар бірте-бірте сейілді [Алдажуманов, 1998].

Ендеше, автордың пікірімен келісе отырып, көтеріліс себептеріне басты назар аудартатын тағы бір фактілерге көңіл бөліп көрелік. «1929 жылғы бұрынғы Сырдария округінің Бостандық ауданындағы қарсылықтарда «Кеңес өкіметі жойылсын!», «Кеңес билігі мен коммунистерге қарсы ғаззауат (Қасиетті соғыс)!\», «Жасасын ислам діні!» ұрандары көтерілсе, Батпаққара көтерілісінің қатынасушылары «Мал және астық даярлау науқаны жойылсын!», «Еркін Қазақстан жасасын!», «Дін бостандығы жасасын!», ал Ырғыз және Жітіқара көтерілістерінде халық «Мұсылман діні үшін жан пида!», «Кеңес өкіметі мен коммунистер жойылсын!», «Қазақ халқының өркендеуі үшін!» ұрандарын алған, Биен-Ақсу көтерілісшілері «Кеңес билігі, салықтар, тұқымдық қор мен колхоздар жойылсын!», «Дініміз жасасын!» деп ұрандаған. Ал Катон-Қарағай, Зырянов, Көкпекті жерінде «Кеңес өкіметі жойылсын!», «Сібір автономиялық облысы бөлінсін!», «Еркін сауда жасасын!» деп ұрандаса, Жылықоса ауданында (бұрынғы Гурьев облысы) – «Мал даярлау науқаны жойылсын!», «Дербес хандық құрылсын!» деп бас көтерген көтерген [Мұсағалиева, 2022: 91].

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның «Алашорда ісі» 1920-40 жж. құжаттар мен материалдар жинағының құжаттар мен материалдар жинағының 10 томы – «Сопы» операциясы деп аталады. Онда: билік тарапынан дінбасылар мен діни білімі бар тұлғаларға рухани қысым көрсетіп, «кеңестер билігіне халықты қарсы қойды», «антикеңестік орталықтар құрды», «лаңкестік істер жасады» деген айыптар тағып, қазақ өлкесіндегі басты діни ағымның бірі – сопылық ілімнің дәстүрлі формасына шектеулер қою арқылы күресу саясаты баяндалған. Әсіресе 1920-1930 жылдары «қазақ халқының өміріндегі ислам дінінің тағдыры сынға түскен, халыққа рухани шабуыл дінге қарсы мақсатты түрде күрес жүргізу кезеңі» ретінде көрсетілген. Осы кезеңде діни басыларының рухани жетекшілігімен халық дінсіз билікке қарсы күрестер бастағанын, 1928 жылдан бастап мешіттерде білім берудің, ал 1930 жылы вакфтар (мешіттердің мүлік, ақша алу құқығы) тоқтатылғаны айтылады. Діни қайраткерлер билік тарапынан жүргізіліп жатқан саясатқа өздерінің берген бағаларында: қазақтың дәстүрлі қоғамын бұзу, ашаршылық, жаппай ұжымдастыру, қожалықтардың малын тәркілеу, мешіттер қызметін шектеу үдерістерін халыққа келген «Ақыр заман» деп қортындылап, кеңестер билігінің зұлымдығына төзбеуге шақырған наразылықтары туралы айтылады. БМСБ деректерінде «дінбасылар ресми үндеу жасау арқылы сенушілер өмірін қалыпқа келтіру үшін наразылықтар ұйымдастырып, саяси режимге қарсы үгіт-насихаттар жүргізді. Діни қызметкерлер, ишандар, молдалар, сопыларға қарсы «Ынтымақ», «Филиал» операциясы арқылы күрескен» деген ақпарат берілген. 1930 жылдары Созақ, Тақтакөпір, Қарақұм, Ырғыз көтерілісшілерінің жоспарлары мен бағдарламаларында исламды қалыпқа келтіру талаптары да қамтылған. БСМБ «Сопы» ұйымын тарату операциялары туралы жазбаларында: «Сарбиевтер тобының жұмысы тоқтатылып, 40 адам қамауға алынды. Операция үш топқа жүргізілді: Ильес, Каркула-Ишан, Алланиязов, Кашанов. Сондай-ақ, Орта Азияда жүргізілген Хорезм және Ташауыз операциялары шеңберінде Ақтөбелік «Сопы» тобымен байланысы бар деген жаламен Южахмедов бандасы таратылды. Қарқаралы округінде 90 адам тұтқындалып, 25 адам бандиттік топ құрды деп айыпталып, олардың дүние-мүлкі тәркіленді» – делінген. Сондай-ақ, жинақта халық наразылығынан туындағын «Бұқара мен Түркістанды құтқару одағының» қоғамдық, саяси, экономикалық, діни, ұлттық құндылықтарға бағытталған күресі туралы ақпарат берілген [Алашорда ісі..., 2023: 496].

Көріп отырғанымыздай, осы ұрандардан көтерілістің барлық алғышарттары мен оған түрткі болған мәселелер айқын көрінеді. Және ерекше назар аудартатыны – *экономикалық талаптар, діни, рухани мәселелермен ұштасып, сосын біртіндеп – еркіндік, тәуелсіздік мәселелеріне* қарай ойысқанын да көре аламыз. Бұл күреске көтерілгендердің саяси сауаттылығының артқанын, жай ғана шаруа емес, оларға сауатты басшылықтың да болғанына дәлел бола алады.

Тағы бір дерекке назар салып көрелік: «1937 жылғы Бүкілодақтық халық санағының нәтижелері тек қана халық өсімін көрсетіп қоймай, кулактарды тап ретінде жоюдың, оларды Орал,

Сібір, Қазақстан жеріне жаппай көшіруге қарсылықпен, күштеп ұжымдастырумен қатар жүруінің салдарынан туындаған орасан зор адам шығындарын да ашып көрсетті. Қазақстан халқының 1926-1937 жж. күрт азаюының басты себептері 1928 жылғы бай шаруашылықтарын тәркілеудің, негізінен басым бөлігі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ шаруаларын күштеп ұжымдастырумен, осының барлығының ауқатты адамдарды ғана емес, орташаларды да кулактар ретінде жоюмен, сонымен қатар еш әзірліксіз жергілікті халықты отырықшылыққа көшірумен қатар жүрген саясаттың салдарынан туындады. Осының барлығы бірінші кезекте басым бөлігін байырғы тұрғындар құрайтын ауыл халқының ахуалынан көрініс тапты, ол турасында Қазақ Халық Есепке алудың (Каз Нархозучет – авт) бастығы М.Саматовтың Қазақ Өлкелік партия Комитетінің бірінші хатшысы Л.И.Мирзоянға жіберген 1937 жылғы 14 қаңтардағы Қызметтік жазбасы айқын көрсетеді. 1937 жылғы санақта Кеңес Одағының өзге мемлекеттерінде халықтың саны табиғи және мигранттар есебінен өсуі байқалады. Өзбек КСР (28,8), Тәжік КСР (34,6), Түркімен КСР (18,8), Қырғыз КСР (37,). Автор қазақ даласында жүргізілген кеңестік саясаттың демографиялық салдарын көрсеткен [Асылбеков, Асылбекова., 2016: 146].

Дегенмен де, себептердің бастылары жоғарыда көрсетілгендер екенін ескеріп, ал олардың формалары әр алуан екендігіне басқа да деректер назар аудартады.

1928 жылдың ақпан айының соңында астық даярлау деңгейі біршама төмендейді. Оның басты себебі ауа-райының қолайсыздығы деп көрсетіледі. Шын мәнінде ауқаттылар мен кулактар «Бұл жылы ештеңе берудің керегі жоқ, бәрібір тартып алады» деп қарсылық білдіріп отыр [Совершенно секретно, 2004: 804]. Мұндай пікірлер Ақтөбе округіне қарасты Ақбұлақ, Мәртөк, Темір, Қобда аудандарына қарасты деревня, селолардың ауқаттыларының тарапынан да естілді. Өз тараптарынан «қанаушы», «тонаушы», «біздің үстімізден күн көруші», «екінші басы байлы құқығын құрушылар» деген наразы ойларын жеткізді. Егін шықпауына байланысты нан тапшылығы кезінде Ақтөбе облысының Ақбұлақ, Мәртөк, Темір қалаларында халық кеңсе алдына жиналып нан берулерін талап еткен наразылықтар болды. Көптеген адамдар «Бұл Кеңес үкіметі жаманшылығы жағынан Николай уақытынан да асып түсті, қазір 1921 жылға қарағанда нашар өмір сүрудеміз» деп айқайлайды. Мұндай әрекеттер Қазақстанның басқа жерлерінде де орын алды. Үкімет халық наразылықтарын «кулактар арандатқан контрреволюциялық бас көтерулер» - деп көрсетті [Ақтөбе өңіріндегі..., 2023: 300].

Д.Абеннов, Б.Абеннова, Н. Бейскалиеваның «Саяси – қуғын сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссиясының» ұсынған материалдар жинағында 1933 жылы 28 сәуірде қабылданған БКП(б) ОК мен ОБК-нің «Партиялық тазалау» Қаулысындағы «бөгде-таптық және қас элементтерден тазалауды» басшылыққа алып, партияның ішінде «тінту» жұмысын жүргізе бастады. Соның негізінде 14 шілдеде Камаловтың төрағалығымен Ақтөбе облыстық Бақылау Комитетінің партколлегиясының отырысында кеңес үкіметіне қарсы әрекет ұлттық, буржуазиялық контрреволюция идеологтары, Көтерілістерді ұйымдастырушылар, колхоз құрлысына кедергі жасаушылар, ТОЗ-ға іріткі салушылар, қасақана малдың көзін жоюшылар, аштық пен кедейшілікке итерушілер, отырықшылыққа кедергі жасағандар деген айып тағылған бұрынғы байлар мен олардың балалары, ишандар, молла мен олардың балалары, саудагерлер, орта шаруалар, ауқаттылар мен кедейлер, барлығы 33 адам БМСБ-ның түрмесіне тығылып, арғы тағдырлары белгісіз қалған» – делінеді [Ақтөбе өңірінде..., 2023: 260].

Партия ішілік тазартуды осы жаппай күрес науқаны шеңберінде жүргізу, ру-ауыл аралық араздықты қоздыру, жергілікті кадрлармен «келімсек» кадрлардың күресін ұйымдастыру – биліктің арнайы тәсілдерінің бірі деген пікір де назардан тыс қалмауы тиіс. Бұл әсіресе көтерілістер науқандары басылып, ол «жаппай террор» мен репрессияларға ұласқан кезде өз «нәтижесін» берді де.

Кеңестік дәуірдің солақай саясатының салдарлары біздің ғана емес, шет елдік тарихшылардың да назарынан тыс қалмады. Ағылшын зерттеушісі, тарихшы Роберт Конквест өзінің зерттеу еңбектерінде Кеңес Одағындағы саяси қуғын-сүргін мәселелерін кең көлемде зерттеп, XX ғасырдың отызыншы жылдарындағы сталиндік үлкен террор жөніндегі жеке еңбектерін жариялады. Конквесттің 1986 жылы Нью-Йорк қаласында баспадан шығарылған «The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-famine кітабының екінші бөлімінде Кеңес Одағының күштеп ұжымдастыру саясатының салдары баяндалды. Онда шетелдік оқырмандарға алғаш рет ұжымдастыру саясатының зардаптары мен олардың негізгі сипаттары ашып көрсетіледі. [Конквест, 1986: 408]. Бұл еңбекті КСРО ыдырамай тұрып-ақ, тарих «ақтаңдақтарын» ашқан алғашқы еңбектердің бірі десек те

болады. Сондықтан, оны нақты деректері аздау болса да, алғашқы антикеңестік тарихнама ретінде басшылыққа алған жөн деп санаймыз.

Француз ғалымы Изабель Огайонның жариялаған еңбегі де қазақ тарихындағы қасіретті зұлмат жылдарындағы оқиғаларға арналған. Автор осы кезеңдегі мәжбүрлі отырықшыландыру, ұжымдастыру және ашаршылық мәселелерін зерттеген. Кеңестік седентаризацияның көшпелі халық үшін өте ауыр, мәжбүрлі түрде болуы халықтың демографиялық, мәдени, әлеуметтік-экономикалық жүйесін түбегейлі өзгерткеніне тоқталған. Ғалым қазақ қоғамында жүрген әлеуметтік өзгерістерді талдап, 1929-1931 жылдардағы шаруалардың көтерілістерінің және наразылықтарының себептері мен салдарларын, олардың қозғаушы күштерін, негізгі жүру ошақтарын көрсетеді [Огайон, 2009: 368].

Ағылшын зерттеушісі Роберт Киндлер де осы тақырыпқа қалам тартып, онда [Киндлер, 2024: 432]. XX ғасырдың 30-жж. саяси және әлеуметтік-экономикалық оқиғаларды қарастырады. Кітапта 20-40 жылдары қазақ көшпелілеріне қатысты жүргізілген ұжымдастыру мен кеңестік саясаттың қатал салдарлары туралы баяндалған. Автор көшпелі халыққа қатысты репрессиялар мен зорлық-зомбылықтардың сталиндік диктатура тұсында ашаршылық пен трагдиялық салдарларға әкелгендігін зерттейді, қазақ қоғамында мәжбүрлі ұжымдастыру мен седентаризация нәтижесінде туындаған әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді де қарастырады. Ол әсіресе өздерінің ғасырлар бойына қалыптасқан өмір салтын тастап, ұжымшарлар мен кеңшарларға отырықшы болуға тура келген қазақ халқына қаншалықты әсер еткендігін сипаттайды. Еңбек қазақ халқының ұлттық болмысы мен ұлттық сана-сезімінің өзгеше түрге енуіне және қазіргі саяси ахуалдың орнығуына ықпал етуіндегі сталиндік саясаттың ролі мен ықпалын да талқылайды.

Американдық зерттеуші С. Камерон XX ғасырдың 30-жылдары қазақ даласында кеңестік саясатқа қарсы наразылықтарды «халық көтерілістері» деп бағалады. Көтерілістің негізгі себептерін «Өлкелік Халық комиссарларының тарапынан жүргізілген асыра сілтеу саясаты, ұжымдастырудағы өрескел қателіктер, жоғарыдан келген жоспарлардың субъективті жасалуы, оған мысалы, Ақтөбе маңында қуаңшылық жерге бидайдың егілуі, құрғақ жерге неге егін егілді деген сұраққа, жоспар берілді деген жауаптың болуы, Ф.Голощекиннің аштықтан қырылып жатқан елге ет және басқа жоспарлардың орындалуын талап етуі» – деп көрсетеді [Камерон, 2020: 360].

Келесі бір американдық ғалымдар Дэвис Р. Және Уиткрофт С. астық даярлау науқандары мен қазақ даласындағы аштықтың экономикалық және әлеуметтік алғышарттарын туралы мәліметтер келтіреді, миллиондаған адамның қырылуына әкелген 1932-1933 жылдардағы «Ұлы ашаршылық» кезеңін сипаттайды [Дэвис, Уиткрофт, 2011: 543].

Көтерілістер мәселелері ресейлік тарихшылардың да еңбектерінде де біршама камтылған. Мысалы ресейлік танымал тарихшы Ф. Сеницын өзінің «Советское государство и кочевники» [Сеницын, 2019: 318]. еңбегінде «көшпелілер оларға қатысты биліктің қолданған отырықшыландыру және ұжымдастырудың қарқынды әдістеріне бейжай қарамады...», «...көшпелі өркениеттің биліктің іс-әрекеттеріне қатысты аса қуатты реакциясы көтерілістер түрінде көрінді» - деп жазады. Сонымен қатар, ол Кеңес Одағындағы барлық көшпелілердің қарсылықтарын зерттей келіп, көп көңілді қазақ халқына бөледі және қарастырылып отырған кезеңге «қашу немесе көшу – қазақтардың белсенді қарсылықтарының бір формасы болды» деген баға береді.

Осы аталған еңбектер негізінен 20-30 жылдардағы көтерілістердің алғышарттары мен себептерін ашуға бағытталған. Ал енді тікелей осы көтерілістер мен олардың жүру барысы туралы еңбектер де жоқ емес. Дегенмен, олардың көпшілігі жалпылама шолу түрінде немесе жекеленген аймақтардағы болған көтерілістерге ғана арналған.

Жоғарыда, мақаланың басында мен жлпылама көпшілікке танымал оқулықтардағы деректерге сүйенсек, «1929-1931 жж. болған көтерілістердің саны 372-ге жетіп, оның ішінде 25 көтеріліс қарулы сипатта жүрді және оларға қатысқан адамдар саны 80 мыңдай» деген болатынын.

Десек те, тарихшылар арасындағы деректік ауытқушылықтар осы көтерілістер мен наразылықтардың жалпы саны қанша деген мәселелерге де қатысты.

Т.К. Алланиязов пен А.С. Таукенов 1929-1931 жылдар аралығында Қазақстанда әртүрлі деңгейде 25-ке жуық қарулы көтеріліс болған деген мәліметтерді алға тартып, наразылықтар мен қозғалыстардың жалпы саны, соның ішінде қарусыз наразылықтардың саны айтарлықтай көп болғанын және көтерілістерді басу үшін жаппай қуғын-сүргін, тұтқындау, ату, жер аудару әдістерін БМСБ мен жергілікті билік қатал жүргізгенін айтады [Алланиязов, Таукенов, 2009: 21].

Аталмыш авторлардың келесі бір еңбегінде шаруалардың қарулы көтерілістерінің тарихына арналған тың ойлары былайша сипатталған: «1929-1931 жылдардағы қарулы көтерілістерді зерттей

келе, алдыңғы деректердегідей 372 емес, ірі 25 қарулы көтерілістер, 545 астам шабуылдар болған, оған 100 мыңнан астам халық қатысқан» – деген қорытынды жасалған. Кітапта ұжымдастыру кезеңіндегі Қарағанды облысының Шет ауданы мен Қарсақпай өңіріндегі шаруалар көтерілістерінің тарихы туралы зерттеулердің нәтижелері келтірілген [Алланиязов, Таукенов, 2000: 166].

Жалпы біз көп ретте халық наразылықтарын тек көтерілістер түрінде ғана қарастырамыз. Дегенмен, халықтың бас көтерулерімен қатар, белсенділерге, арнайы уәкілдерге, үкімет адамдарына қастандық жасау фактілері, болмаса, ішінара «бүлдіру» әрекеттері де болғанын есте сақтау қажет. Мәселен, М.Қ. Қойгелдиев, Т.О. Омарбеков «Тарих ғылымы не дейді?» атты еңбегінде: «1930 жылы 24 мың бай-кулақтардың қожалықтарын халық бұрын тұрмаған, шөлейт жерлерге жер аударып, күн көріс құралы болған малдан жұрдай қылып халықты ашықтан ашық наразылықтарға итермеледі. Қазақстанда 1929 жылы жергілікті өкімет, партия басшыларына қарсы 143 рет қастандық жасалып, 1930 жылы ол көрсеткіш 139, ал 1931 жылы 178 рет болған. Халықтың жаппай бас көтерулері де бұл жылдары жеке алғанда 54, 241, 77 рет болған. Колхоздардың мүлкін өртеп жіберу, малды улау тәрізді қылмыстар да орын алған [Қойгелдиев, Омарбеков, 1993: 203]. 1930 жылы 2 наурызда жарық көрген И.Сталиннің «Табыстан бас айналу» мақаласы БК (б) П Орталық Комитетінің колхоз құрлысындағы партия жолын бұрмалаушылықтар және асыра сіілтеушіліктер туралы 14 наурызда жарық көрген қаулысы қоғамға қатты әсер етті. Күштеп құрылған колхоздардан халықтың 40 пайызға дейінгі мөлшері шығып кетіп жатты» – деп жазады [Хайдаров, 2022: 200].

Сондықтан, көтерілістер, қарулы қарсылықтар, наразылықтар, ішінара және жаппай бас көтерулер, бүлдірулер, белсенділерге жасалған қастандықтар, билік талаптарын орындамау, өзге аймақтарға қоныс аудару кезінде кедергі жасаған әскерлерге, милицияға, арнаулы отрядтарға қарсы ұрыс қимылдары секілді сан-алуан формаларды жүйеге және тәртіпке келтіріп алу да алдағы тұрған міндеттердің бірі. Себебі, шынайы, ауқымды, жаппай көтерілістер мен «тырнақ астынан кір іздеген» «шолақ белсенділердің» не болса соны «контралық әрекет» деп таңуы, болмаса «жеке өшпенділіктің» салдарынан жала жабуы, «жоспардың орындалмауын» – «бүлік» деп табуы сияқты, болмашы, тексерілмеген наразылықтарды қатар қою – сөзсіз дұрыс емес.

Сондай-ақ, отырықшы аудандар мен көшпелі және жартылай көшпелі аймақтардың бас көтерулерінің сипаттары мен жүру барысының да ара жігін ажыратып алған жөн. Бір ғана Ақтөбе облысының түрлі аудандарындағы наразылықтар мен көтерілістер жалпы әлеуметтік, оның ішінде таптық, ұлттық, саяси, демографиялық және басқа да құрамы бойынша жіктей отырып, ерекше зерттеуді қажет етеді. Мәселен, әлеуметтік-таптық құрам тұрғысынан: тәркілеуге ұшырағандар, бұрынғы бай-феодалдар, жер аударылып келген кулақтар, «асыра сілтеуден» ауқатты топтарға жатқызылған «орташалар» (тіпті, олардың жақын туыстары болғандықтан жатқызылған кедейлер де бар болуы – автор), ал кейін билік саясатына ашынған кедейлер де болған. Ұлттық құрам жағынан тек қана көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы байырғы халықтар емес, отырықшы аудандардың украин, белорус, татар, орыс, ұйғыр, дүнген, түркімен, өзбек, қарақалпақ және басқа да ұлт өкілдері қатынасқан. Ал, көп талас-тартысқа әкелетіні – саяси құрам. Себебі, көтеріліске тек қана қатынасып қоймай, оны басқарғандар ішінде тек «антисоветтік элементтер» ғана емес, үкіметке қызмет етіп, кейін, жүргізіліп жатқан саясаттың дұрыс еместігін тсінген, халық жағына шыққан партия және кеңес қызметкерлеріне дейін де болған. Бұған, Адай уезіндегі Тобанияз Әлниязұлы, Атырау өңіріндегі Құныскерей Қожахметұлы, Ерғали Аязбайұлы, Созақтағы Сұлтанбек Шалақов (кей деректе – Шолақов – авт.) және басқа да биліктің құрамындағы жандарды айта аламыз. Және олардың арасында тек ерлер ғана емес, әйелдердің де қатынасулары болған.

Отандық және шет елдік тарихнамада біз қарастырып отырған мәселенің жүру барысын қарастырған әдебиеттерге шолу жасау кезінде тағы бір туындаған мәселе – олардың сипаты және бүгінгі ғалымдардың және көпшіліктің тарапынан берілетін бағалаулары да ерекше талдауды керек етеді.

А.С. Мұсағалиеваның «Отан тарихы» журналындағы мақаласына сүйенетін болсақ, КАКСР бойынша БКП (б) Қазақкомы бойынша ОГПУ-ң «Қазақстан территориясындағы 1929-1931 жж кезеңіндегі көтерілістер мен бандалық наразылықтар туралы» анықтамасында бұл туралы мәліметтер жақсы келтірілген. «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия жөніндегі» Жарлығына сәйкес республиканың барлық облыстарында құрылған жұмыс топтарының бірнеше жинақтары жарыққа шықты. Солардың бірі «Батыс Қазақстан облысындағы халық Көтерілістері 1928-1932 жж. (қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі өңірлік комиссияның материалдары)» жинағында Батыс Қазақстан облысының барлық өңірлеріндегі күшпен ұжымдастыру

саясатына халықтың наразылығы, шаруалар, бай-кулактардың қарсылықтары болғанын нақты архив құжаттарының нәтижесінде көрсеткен. Облыс бойынша көтерілістер мен наразылықтарға шамамен 16 600 халық қатысқан деп топшыланған. Жекелеген аудандардағы көтерілістердің жүру барысы, жетекшілері туралы толық мағұлматтар бергілен. [Хайдаров, 2022: 200]. Аталмыш деректер тек бір ғана Батыс Қазақстан облысына қатысты. Мұндай деректер әр облыста әр түрлі.

Осы ретте 1920-1930 жылдары Қазақ өлкесінің әкімшілік құрылымы жағынан қазіргі кездегіден мүлдем басқаша болғанын, кей облыстар мен аудандардың өзге облыстар территорияларына кіргендігін естен шығармау қажет. Межелегуге дейінгі және онан кейінгі халық санын ескеру, кей аудан халықтарының бірнеше облыс арасында көшіп жүргенін ескерсек, көтерілістер мен наразылықтарға қатынасқан халықтың саны мен құрамы тағы да даулы мәселелерге толы болмақ. Мәселен, бүгін Ақтөбе облысының құрамындағы Ойыл, Байғанин аудандары Орал, Маңғыстау, Атырау территорияларына кірген. Бұл да үлкен зерттеуді қажет ететін мәселе.

Енді осы оқиғаларға берілетін бағалауларға тоқталалық.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ тарихын кең көлемде зерттеп жүрген ғалымдардың бірі Е.Хайдаровтың «Қазақстан тарихы» порталында жарияланған «Банда емес, бостандық үшін күрескендер» мақаласында, «Шындығына келгенде бұлар банды болды ма? «Бандитизммен күрес», «бандалар», «бандалық топтар», «бандошайка» дегенді ойлап тапқан кеңестік өкіметтің өзі еді. Қазіргі тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік идеологиясы және жаңа тарихи сана тұрғысынан қарағанда бұл азаматтарды – бостандық, теңдік, еркіндік үшін күрескендер, сталиндік саяси қуғын-сүргіннің құрбандары деп тануымыз қажет», - деп тұжырымдады [Е.Хайдаров, 2025]. Сонымен қатар, автордың «Жымпиты көтерілісі» [Хайдаров, 2022], «Орда байларының бас көтеруі» [Хайдаров, 2022] - тақырыптарында да мақалалары бар. Автор бұл мақалаларда Батыс Қазақстан облысындағы халық көтерілістерін жаңа архив құжаттары негізінде қарастырып, халық наразылықтарының себеп-салдарына, қозғаушы күштеріне, жетекшілеріне, жүру барысына, тарихи маңыздылығына қатысты ой-тұжырымдар жасаған.

«Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссиясының» құжаттар мен материалдар жинағының «Халық көтерілістері» (1929-1931 жж) жинағының 11-томында 1920-30 жж еліміздің барлық өңірлерінде болған халық наразылықтары мен көтерілістері туралы баяндалған, оның ішінде Батпаққара, Абралы, Қаракұм, Адай, Ырғыз, Балқаш, Шұбартау, Табын, Бүйен-Ақсу, Толстоухов, Тактакөпір, Наурызым, Торғай жерлерінде болған көтерілістер туралы нақты мұрағаттық деректер көрсетілген. Зертеушілердің оқиғаларды тұжырымдауында олардың туындай себептері бойынша төмендегідей түрлері келтірілген: 1. Наразылықтар – саяси-экономикалық, әлеуметтік-рухани шектеулерді қабылдамауы. 2. Қақтығыстар – биліктің халық үнін ескермеуі, күштік құрылымдардың асыра күш көрсетуі. 3. Көтерілістер – билік пен азаматтар арасындағы ресми-бейресми келісімнің өрескел бұзылып, қару-жарақтың, жазалаудың іске қосылуы. 4. Ұлт азаттық қозғалыс – отарлық езгіде өмір сүріп жатқан халықтың жері, мемлекеті, ұлты, мүддесі үшін күреске шығуы.

Бұл жүйелеулер Созақ, Ырғыз, Қаракұм, Жетісу, Адай, Абыралы көтерілісі мен оларға қатынасқан көтерілісшілердің тағдырын, шынайы бейнесін ашатын тың деректер негізінде келтірілген. Сондай-ақ, көтеріліс құрамында Алаш қайраткерлерінің де болып, олардың басты кеңесшілер, идеологтар ретінде әрекет еткендігі туралы деректер негізінде айтылады. Жалпы көтерілістің бірнеше себебі және ондағы халықтың қойған талаптары да барынша кеңінен қарастырылған [«Алашорда ісі...», 2023: 600].

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары). «Народный восстания и протесты в Казахстане 1920-1930 гг» деп аталатын жинақтың 4-томында көтерілістер мен наразылықтардың хронологиясына қатысты «Халық көтерілістері мен наразылықтарының бірінші толқыны азамат соғысы жылдарында болса, екінші толқын жалпы халықтық көтеріліс 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдардың басында мыңдаған халықтың қатысумен, жүздеген көтерілістердің болғанын құжаттар көрсетеді» - делінген. Сондай-ақ, мұнан әрі: «Көтеріліске қазақтар мен қатар жергілікті орыс, неміс, украин, татар, башқұрт, еврей, өзбек өзге де ұлт өкілдерінің қатысқанын және жалпы халықтың қатысуына әлеуметтік жағдаймен қатар біріктірген ортақ мүдделер мен ұрандардың болғандығы» - туралы айтылып, оған: «Халықтық билік жасасын» (Да здравствует народная власть!), «Дін бостандығы берілсін!» (Свободу религий), «Кеңес өкіметі, салықтар, тұқымдық қор жинау мен колхоздар жойылсын!» (Долой советскую власть, налоги, сбор семфонда и колхозы!)» т.б ұрандардың болғандығы баяндалады.

Ұсынылып отырған жинақтың бес бөлімі бар: 1. Қазақстандағы 1920-1930 жж. халық көтерілістері мен бас көтерулер бойынша нормативтік-құқықтық актілер мен құжаттар; 2. Қазақстандағы антибольшевиктік құжаттар (1921); 3. Қазақстандағы халық көтерілістері мен бас көтерулер (1929-1932 жж.); 4. Халық көтерілістері кезеңіндегі халықтың наразылықтары (1930-1932 жж.); 5. Қазақстандағы 1920-1930 жж. халық көтерілістері мен бас көтерулерінің қатынасушылары туралы мұрағаттық-тергеулік істер бойынша құжаттар [Саяси қуғын-сүргін..., 2022: 536].

Бұл жинақтың деректанулық еңбек екенін баса айта кету қажет. Оның көмегімен зерттеу жұмысына ерекше құнды мәлімет беретін түпдеректерге қол жеткізуге болады. Әсіресе саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның 3, 13, 14, 16, 21, 27, 28, 37, 39, 41, 51 жинақтарында мұрағат деректері негізінде берген көптеген деректер келтірілген.

Белгілі тарихшы Б.Жұмағұлов «Кеңес өкіметінің аграрлық саясаты және Адай көтерілісі (1922-1933 жж.)» еңбегінде, Кеңес өкіметінің жер саясатындағы өзгерістері, малшылардың көшіп-қонуындағы шектеулер, мал-мүліктің тәркіленуі, азық-түлік тапсыру міндеттері, салықтардың ауыр болуы, ауыл шаруашылығындағы түрлі қысымдар Адай көтерілісінің басты себебі болды. Адай көтерілісін Ресейдегі С.Разин мен Е.Пугачев бастаған шаруалар көтерілісімен салыстыруға болатын «Сталин-Голощекин саясатына қарсы бағытталған шаруалар көтерілісі» деп түсіндіреді [Жұмағұлов, 1999: 157].

Осы автордың кандидаттық диссертациясына негізделген, «Сұрқия саясат сойқаны» еңбегінде де осы тұжырым расталып, кітапта Адай ауданындағы кеңестік аграрлық саясатқа арналған тарауларға мәтіндік толықтырулар, тәркіленген шаруашылықтардың кеңейтілген тізімі жарияланған. Адай көтерілісі мен оның күшпен басылуын, Қазақстандағы ОГПУ өкілінің үштік отырысының хаттамасынан үзінді көшірмелері келтірілген. 1931 жылдың 9 қазанынан бастап ату жазасына кесілген, лагерьге қамауға алынған, жер аударылған және қамаудан босатылған 68 адамның аты-жөні, сондай-ақ көтеріліске қуғын-сүргінге ұшыраған 68 қатысушының фотосуреттері көрсетілген. Кітаптың соңғы бетінде кінәлілердің аты-жөні берілген және Т.Әлниязовқа қатысты өлім жазасын орындау туралы Актінің фотокошірмесі басылған [Жұмағұлов, 2021: 312].

Зерттеуші Ғ. Халидуллин «Кеңестік биліктің қазақ шаруаларына қатысты аграрлық саясаты» еңбегінде. Ф.Голощекиннің «Кіші қазан» тұжырымдамасы жаңа экономикалық саясаттан бас тартуды көздеді, қазақ ауылдарын кеңестендіру дәстүрлі қоғамның тіршілік құрылымын мен механизмдерін дамыту жолы емес, қайта оның қирандысынан құру еді. Бұған қазақ ауылының шынайылығынан қол үзген, «қазақ бай-феодалдары мен жартылай феодалдары», «орташа», «кедей», «кулак», «таптық жіктелу», «ауылдық буржуй», «ауылдық пролетариат» категорияларына негізделген партия және кеңестік органдардың директивалық нұсқаулары куә. Сондықтан да қазақ байларының малы мен мүлкін тәркілеуге кіріскен өкімет дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік мәнін, қызметі мен ролін анықтаумен өздерін қинамай, беталды, былайша айтқанда, «марксистік» анықтамалармен шектелді. 1928 жылдың 8 тамызы мен 5 қыркүйегінде Қазақ АКСР ОАК Президиумы «Барлық Қазақстан еңбекшілілеріне» деген үндеу жариялайды, онда тәркілеу саясатының негізгі мақсаттары, оның дәлелдері келтіріліп, «байлардың ауыл тұрғындарын «аяусыз және қатал қанауын» жалғастырып, оларды «қайыршылық пен мәңгілік қараңғылықта» ұстап отыр» деген секілді айыптаулар келтіріледі. Осылайша «кедейлерді байларға қарсы күреске итермелей отырып, биліктегілер оларға деген тұрғындардың жаппай өшпенділігін туғызуға тырысты. Тұрғындарды жаппай идеологиялық бөлу арқылы кеңестік шараларды жүргізуге қарсылық көрсетті, қастық үгіт-насихат, ұлтаралық, руаралық алауыздық арқылы республиканың экономикалық, мәдени дамуына кедергі болды» деп айыптаулар тақты. Ал 1928 жылғы 27 тамыздағы ҚАКСР ОАК мен ХКК қаулысы өзінің көптеген аспектілерінде байларға және олардың отбасы мен туысқандарына қатысты құқықтық «заңсыздықтарды» заңдастырды [Халидуллин, 2015: 204].

Т. Омарбеков «сүйте тұра 1930 жылы 25 қарашада ҚАКСР Әділет халкомының құпия бюлетенінде: «Кулактардың қарсылығының күшеюіне байланысты, оларға қарсы күресу керек» деп айтылған. 1930 жылы Қазақстан түрмелері толып кетті. Қамалғандардың саны 22 мыңнан асты [Омарбеков, 1993: 67]. Өлкелік бақылау комиссиясының пленумында «бүлдіргіш элементтерден» тазарту шараларын күшейтуді талап етті» деп келтіреді.

Зерттеу нәтижелері. Осы зерттеу жұмысының барысында көптеген деректер сараланып, тарихнамалық материалдарға шолу жасалды. Әрине, барлық деректерді қамту мүмкін емес, алайда, қолдағы бар мәліметтер негізінде осы мәселенің зерттелуіндегі әле де кемшіндеу түсіп жатқан жайттарды сараптап, баға бердік.

Тәуелсіз Қазақстанда тарих ғылымына, оның ішінде Кеңестік дәуірдің шынайылықтары ұзақ уақыт бойы жасырын болып келгендігі белгілі. Дегенмен, осы мақаланы жазу барысында көптеген «ақтандақтардың» ашылып жатқандығы, оның тарихшы-ғалымдар тарапынан зерттелуінің біршама деңгейге жеткеніне көз жеткіздік. Оның ішінде: ашаршылық, мәжбүрлі седентеризация, ұжымдастыру, халық наразылықтары туралы қалың көпшілік хабардар, олар тарулы деректер мектеп және ЖОО оқулықтарына енгізілген. Аталмыш тақырып тек қана отандық ғалымдардың емес, алыс және жақын шет елдік ғалымдардың да назарынан тыс қалмаған. Мақалада олардың барлығын бірдей қамту мүмкін болмады, дегенмен, біршама деректерге шолу жасалды.

Дегенмен, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы халық наразылықтары мен көтерілістері туралы зерттеулер аясын әлі де кеңейткен, мұнан да тереңірек, жүйелі ғылыми тұрғыдан зерттеуді қажет етеді. Аталмыш мәселеде ең алдымен мұрағаттық деңгейдегі материалдарды тәртіптеу, ғылыми тұрғыдан саралап, зерттеулер арқылы көпшілік наразарына ұсыну жұмыстары керек. Жай ғана ұсыну емес, оны мына тарихи принциптерге сүйене отырып негіздеген жөн:

1) Хронологиялық принцип. «XX ғасырдың 20-30 жылдары» - жалпылама ұғым, оның нақты басталу және аяқталуы туралы деректерде әлі де нақтыланбаған мәселелер баршылық екендігі анықталды;

2) Логикалық бірізділік принципі. Көтерілістер мен наразылықтарды оның алдындағы болған тарихи оқиғалармен (революция, азамат соғысы, 1921-1922 жылдардағы аштық, ЖЭС және т.б.) байланыста және көтерілістер бәсеңдегеннен соңғы нәтижелермен біртұтастықта қарастыру қажет;

3) Жүйелік принципі. Халық көтерілістері мен наразылықтарын сипаты, формалары бойынша тәртіптеу. Оларды жалпыламалық сипаттан жекелік сипатқа – дедуктивті жолмен баяндау қажет.

4) Әлеуметтанулық принцип. Көтерілістің әлеуметтік құрамы әлі де ашылмаған. Кеңестік деректердегі оларға қатынасукшыларға, оларды бастаушыларға берілген атаулар, олардың халық арасындағы шынайы мәртебелерін аша алмайтындығы сөзсіз.

Бұл принциптер туралы толығырақ, төменде «Қорытынды» бөлімінде баяндалатын болады.

Менің жинақтаған материалдарымның негізінде, XX ғасырдың 20-30 жылдардағы кеңестік саясатқа қарсы халық көтерілістері, жалпы мемлекеттік деңгейдің құрамында Қазақ өлкесінің барлық дерлік облыстарында болды деп тұжырымдай аламыз. Десек те, оларды республиканың қазіргі территориялық құрамымен қарастыру қиынға түседі. Себебі, XX ғасырдың бірінші жартысының өзінде бірнеше рет межелеу саясатының жүргізілгендігін ескерсек, көтерілістердің географиясын нақтылау – ерекше назар аудартатын мәселе. Сол кезеңдегі қағидат бойынша республиканың барлық территориясы көшпелі және отырықшы болып екіге бөлінеді. Түрлі тарихи деректер мен естеліктерге сүйенсек, аудандардағы шаруашылықтың түрлеріне, халықтың этникалық құрамына қарай наразылықтар мен көтерілістердің себептерінде, жүру барысында олардың географиялық, рулық, шаруашылық-экономикалық ерекшеліктер бар екенін анықтау аса бір қиынға түспейді. Сондықтан, мәселені зерттеуде территориялық принцип те қамтылуы қажет.

Қорытынды.

Ең алдымен, тарих ғылымының басты ерекшелігі - хронологиялық сипат болғандықтан, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы болған наразылықтар мен көтерілістердің нақты тарихи кезеңделуін әлі де нақтылап алуымыз қажет. Оны біреулер 1921 жылғы ашаршылықтан бастауды ұсынады, енді біреулер, 1928 жылғы тәркілеуден бастағанды жөн көреді. Оның аяқталуы да әр өңірлерде әркелкі. Сондықтан, нақты кезеңді таңдау – мәселенің басы.

Екіншіден, көтерілістерді себептері бойынша топтастыру, логикалық бір ізділікке салу керектігі туындайды. Біз өз кезегінде оларды жоғарыда айтып өткендей тәртіппен қарастыруды ұсынамыз:

1) 1927 жылғы астық дайындау дағдарысынан кейін туындаған ЖЭС тоқтатылуы, осылайша, жалпы елде басталған аса ірі бай-тәркілеу саясатына қарсылықтар;

2) Мәжбүрлі отырықшыландыру, яғни көшпелі халықтарды мәжбүрлі седентеризациялау саясатына наразылықтар;

3) Кулактарды тап ретінде жою мен оларды жер аудару, олармен «таптық күрес». Оларды мекендеген жерлерінен, еңбектері сіңген табыстарынан алшақтатудан туындаған қарсыласулар;

4) Жаңадан құрылған ұжымшарларға таңылған ақылға сыйымсыз жоспар орындау науқандары, салық пен жоспар міндеттемелерінің шектен тыс артуы, олардың жүйесіз жүргізілуінің халықтың ашу-ызасын тудыруы;

5) Кеңестік биліктің «Мәдени революция» саясаты, «ескішілдікпен күрес», «жаңа пролетарлық мәдениет құру» секілді ұрандар арқылы ұлттың рухани болмысын жоюға талпыныстар. Әсіресе, мешіттердің жабылуы немесе діни қызметкерлердің билік тарапынан қудалануы, дәстүрлі мәдениеттегі рухани орталықтың тәрк, тіпті мазақ етілуі – ұлттық намыстың тәрк етілуіне деген ашу-ыза;

6) Партия ішілік тазартуды осы жаппай күрес науқаны шеңберінде жүргізу, ру-ауыл аралық, жергілікті кадрлармен «келімсек» кадрлардың күресін жүргізудің арнайы тәсілдерінің бірі ретіндегі «тазалау» саясатының салдары.

Партия ішілік тазартуды осы жаппай күрес науқаны шеңберінде өткізу, ру-ауыл аралық, жергілікті кадрлар мен «келімсек» кадрлардың күресін жүргізудің арнайы тәсілдерінің бірі деген пікір де назардан тыс қалмауы тиіс.

Осы себептерден туындаған наразылықтар мен қарсылықтардың себептері әрқелкі болғандықтан, олардың жүру формалары да түрліше болады. Сондықтан, көтерілістер, қарулы қарсылықтар, наразылықтар, ішінара және жаппай бас көтерулер, бүлдірулер, белсенділерге жасалған қастандықтар, билік талаптарын орындамау, өзге аймақтарға қоныс аудару кезінде кедергі жасаған әскерлерге, милицияға, үкімет органдары белгілеп берген жерден кетулер, қоныс аударулар, оларды болдырмауға ұмтылған арнаулы отрядтарға қарсы ұрыстар секілді сан-алуан формаларды жүйеге және тәртіпке келтіріп алу да алдағы тұрған міндеттердің бірі. Себебі, шынайы, ауқымды, жаппай көтерілістер мен «тырнақ астынан кір іздеген» «шолақ белсенділердің» не болса соны «контралық әрекет» деп таңуы, болмаса «жеке өшпенділіктің» салдарынан жала жабуы, «жоспардың орындалмауын» - «бүлік деп табу сияқты, болмашы, тексерілмеген наразылықтарды қатар қою – сөзсіз дұрыс емес.

Тағы да бір көңіл аудартатын жайт - мұрағат деректеріндегі кездесетін «кулактар» термині. Көп ретте көркем әдебиетте кездесетін «бай-құлақ» терминіне қатысты мәселе. Негізгі мұрағат деректері көбінесе орыс тілінде болғандықтан, билік тарапынан «кулактар» қатарына: 1) азын-аулақ ауқатты, жеке шаруашылығы бар, колхозға кіруден бас тартқан адамдар да; 2) Украина, Ресей, Белоруссия секілді КСРО-ң европалық бөлігінен жер аударылған жандар да қамтылуы мүмкін. Олардың арасындағы саяси сауаттылығының, ұлттық-таптық болмыстың, экономикалық талаптарының айырмашылықтары басқаша деңгейде екендігі де назардан тыс қалмауы тиіс.

Сондай-ақ, отырықшы аудандар мен көшпелі және жартылай көшпелі аймақтардың бас көтерулерінің сипаттары мен жүру барысының да ара жігін ажыратып алған жөн. Мәселен, бір ғана Ақтөбе облысының түрлі аудандарындағы наразылықтар мен көтерілістер жалпы әлеуметтік, оның ішінде таптық, ұлттық, саяси, демографиялық және басқа да құрамы ерекше зерттеуді қажет етеді. Мәселен, әлеуметтік-таптық құрам тұрғысынан: тәркілеуге ұшырағандар, бұрынғы бай-феодалдар, жер аударылып келген кулактар, «асыра сілтеуден» ауқатты топтарға жатқызылған «орташалар» (тіпті, олардың жақын туыстары болғандықтан жатқызылған кедейлер де бар болуы ықтимал – *автор*), ал кейін билік саясатына ашынған кедейлерге дейін болған.

Жалпы алып қарағанда, біртұтастық пен рулық-туыстық негізге құрылған қазақ қоғамын жаңа өкімет тарапынан таптық тұрғыдан жіктеудің жаңа формасына көшірудің саясатына да назар аудару қажет.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы кеңестік жүйеге қарсы халық наразылықтары мен көтерілістерін тереңдете және жан-жақты зерттеу жұмыстары әлі де жалғасуы тиіс. Себебі, осы ауқымды тарихи оқиғаларды кең көлемде қарастырып, халық назарына ұсыну мақсатындағы атқарылатын істер – ғалымдар мен зерттеушілердің алдына қойылатын кезекті міндеттердің бірі болмақ.

Әдебиеттер

Ақтөбе өңірінде..., 2023 – *Абенев Д.К. Абенева Б.С. Бейскалиева Н.А.* Ақтөбе өңірінде байлардың, кулактардың, орта шаруалардың қудалануы. Архивтік құжаттар. Ақтөбе, 2023. 260 б.

Ақтөбе өңіріндегі..., 2023 – *Исмагулов Ұ.Ш. Исмагулова Д.М. Калыбаева А.Ж.* Ақтөбе өңіріндегі шаруашылық-саяси науқандар (1928-1930 жж.). Құжаттар жинағы. Ақтөбе, 2023. 300 б.

Алашорда ісі..., 2023 – *Қабылдинов З. Нұрымбетова Г. Қасымов З. Чиликова Е.* «Алашорда ісі 1920-1940 жж. Құжаттар мен материалдар». 10 том. «Сопы» операциясы. Ишандар институтының жойылуы. Алматы, 2023. 496 б. сур. 16 б.

Алашорда ісі..., 2023 – *Әбжанов Х. Нұрымбетова Г. Балгазина Б.* Алашорда ісі 1920-1940 жж. Құжаттар мен материалдар». 11 том. Халық көтерілістері (1929-1931 жж.). Алматы, 2023. 600 б. сур. 16 б.

- Алашорда ісі..., 2023 – *Әбжанов Х. Нұрымбетова Г. Мырзатаева З. Балгазина Б.* «Алашорда ісі 1920-1940 жж. Құжаттар мен материалдар». 8 том. Әулеттерге жасалған киянат. Құрастырған.: Алматы, 2023. 528 б. сур. 16 б.
- Алдажуманов, 1998 – *Алдажуманов К.С.* Крестьянское движение сопротивления Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Алматы: Арыс, 1998. 428 б.
- Алланиязов, Таукенов, 2000 – *Алланиязов Т. Таукенов А.* Шетская трагедия: из истории антисоветских вооружённых выступлений в Центральном Казахстане в 1930–1931 гг. Алматы: фонд «XXI век»; 2000. 166 с.
- Алланиязов, Таукенов, 2009 – *Алланиязов Т.К. Таукенов А.С.* Последний рубеж защитников номадизма: история вооружённых выступлений и повстанческих движений в Казахстане (1929–1931 годы). 00 «03Т-XXI век»; 2009. 21 с.
- Асылбеков, Асылбекова, 2016 – *Асылбеков М.-А.Х. Асылбекова Ж.М.-А.* Социально-демографическое развитие населения Казахстана в 1926-1939 гг. Алматы: Қазақ университеті, 2016. 146 с.
- Дэвис, Уиткрофт, 2011 – *Дэвис Р. Уиткрофт С.* Годы голода: сельское хозяйство СССР, 1931–1933. Москва: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 2011. 543 с.
- Жұмағұлов, 1999 – *Жұмағұлов Б.* Кеңес өкіметінің аграрлық саясаты және Адай көтерілісі (1922–1933 жж.). Алматы; 1999. 157 б.
- Жұмағұлов, 2021 – *Жұмағұлов Б.* Сұркия саясат сойқаны. Алматы, 2021. 312 б.
- Камерон, 2020 – *Камерон, С.* Голодная степь: голод, насилие и создание Советского Казахстана. Москва: Новое литературное обозрение, 2020. 360 с.
- Киндлер, 2024 – *Киндлер Р.* Сталиндік көшпенділер. Қазақстан билігі және ашаршылық / ағылшын тілінен ауд. Ө. Ахмет.: Астана: Фолиант, 2024. 432 б.
- Конквест, 1986 – *Conquest R.* The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-Famine. New York: Oxford University Press; 1986. 408 p.
- Қозыбаев и др., 1992 – *Қозыбаев М.К. Абылхожин Ж.Б. Алдажуманов, К.С.* Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. Алма-Ата, 1992. 37 с.
- Қойгелдиев, Омарбеков, 1993 – *Қойгелдиев М. Омарбеков Т.* Тарих ғылымы не дейді? Алматы: Ана тілі; 1993. 203 б.
- Мұсағалиева, 2022 – *Мұсағалиева А.С.* Қазақстандағы халық Көтерілістері және наразылықтары туралы (1929-1931 жж.) // *Отан тарихы.* 2022. № 3 (99). 91 б.
- Мұхатова, 2016 – *Мұхатова О.* Қазақстан тарихының тарихнамасы: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2016. 310-311 бб.
- Огайон, 2009 – *Огайон И.* Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928-1945 г.г.) / Пер. с фр. *Ракишева Л. Т.*; сост. *Сужиков Б. М.* // История Казахстана в западных источниках XII-XX в.в. Т.11. Алматы: Санат, 2009. 368 с.
- Омарбеков, 1993 – *Омарбеков Т.* Меншік иелері қалай жойылды? // *Ақиқат.* № 9. 1993. 67 б.
- Омарбеков, 1994 – *Омарбеков Т.* Зобалаң (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық): Оқу құралы. Алматы: Санат, 1994. 272 б.
- Омарбеков, 1994 – *Омарбеков Т.* Зобалаң (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық): оқу құралы. Алматы: Санат; 1994. 252–253-бб.
- Омарбеков, 1997 – *Омарбеков Т.* 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Көмекші оқу құралы. Алматы: Санат, 1997. 320 б.
- Саяси қуғын-сүргін..., 2022 – *Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары).* Т.4. Народные восстания и протесты в Казахстане 1920–1930 гг. Сборник документов и материалов / Құраст.: Мусағалиева А.С. Касымов С.А. Козыбаева М.М. Әбдіғалиұлы Б. Исахан Г.Т. Жылысбаева М.Г. Алланиязов Т.К. Гривенная Л.А. / Под общ. ред. Карина Е.Т. Астана, 2022. 536 с.
- Синицын, 2019 – *Синицын А.* Советское государство и кочевники. 2019. 318 с.
- Совершенно секретно, 2004 – *«Совершенно секретно»:* Лубянка Сталину о положении в стране (1922-1934 гг.). т.6. 1928 г. Москва, 2004. 804 с.
- Трагедия казахского аула, 2018 – Сост. *Зулкашева А.С. (отв.), Исахан Г.Т. Сатаева Ж.А.* Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов. Алматы. Раритет, 2018. 744 с.
- Хайдаров, 2022 – *Хайдаров Е.* Орда байларының бас көтеруі // *Егемен Қазақстан.* 2022. № 10. 13 маусым. URL: <https://egemen.kz/article/315104-orda-baylarynynh-bas-ko> (қаралған уақыты 21 қазан 2025 ж.).
- Хайдаров, 2022 – *Хайдаров Е.* Батыс Қазақстан облысындағы халық көтерілістері (1928-1932 жж.). Орал: DANA орталығы, 2022. 200 б.
- Хайдаров, 2022 – *Хайдаров Е.* Жымпиты көтерілісі // Батыс мұра.кз; 2022. 19 ақпан. URL: <https://www.batysmura.kz/zertteu-makalalary/2802-zhympity-koterilisi>.
- Хайдаров, 2025 – *Хайдаров Е.* Банда емес, бостандық үшін күрескендер // *E-history.kz.* 2025. 19 қыркүйек. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/5000065528>.
- Халидуллин, 2015 – *Халидуллин Ф.* Кеңестік биліктің қазақ шаруаларына қатысты аграрлық саясаты (1917-1940): оқу құралы. Алматы; 2015. 202 б.

References

- Aldazhumanov, 1998 – *Aldazhumanov K.S. Krest'yanskoe dvizhenie soprotivleniya. Deportirovannye v Kazakhstan narody: vremya i sud'by* [The Peasant Resistance Movement. In: Deported Peoples to Kazakhstan: Time and Fates]. Almaty: Arys; 1998. 428 p. [In Russian]
- Allaniiazov, Taukenov, 2000 – *Allaniiazov T.K. Taukenov A. Shetskaia tragediia: iz istorii antisovetskikh vooruzhennykh vystuplenii v Tsentral'nom Kazakhstane v 1930–1931 gg* [The Shet Tragedy: From the History of Anti-Soviet Armed Uprisings in Central Kazakhstan, 1930–1931]. Almaty: XXI Century Foundation; 2000. 166 p. [In Russian]
- Allaniiazov, Taukenov, 2009 – *Allaniiazov T.K. Taukenov A.S. Poslednii rubezh zashchitnikov nomadizma: istoriia vooruzhennykh vystuplenii i povstancheskikh dvizhenii v Kazakhstane (1929–1931 gody)* [The Last Frontier of the Defenders of Nomadism: The History of Armed Uprisings and Rebellious Movements in Kazakhstan (1929–1931)]. 00"03T–21st Century"; 2009. 21 p. [In Russian]
- Aqtöbe öñirindegi..., 2023 – *Äbenov D.K. Äbenova B.S. Beiskalieva N.A. Aqtöbe öñirindegi baylardıñ, qulaqtardıñ jáne orta şaruaların qudalanuı: Arxivtik qujattar* [Persecution of Wealthy Peasants, Kulaks, and Middle Peasants in the Aktobe Region: Archival Documents]. Aktobe; 2023. 260 p. [In Kazakh]
- Aqtöbe öñirindegi..., 2023 – *Ismagulov U.Sh. Ismagulova D.M. Kalibayeva A.Zh. Aqtöbe öñirindegi şaruashylyq-sayasat nawqandarı (1928–1930 jj.): Qujattar jinagı* [Agricultural and Political Campaigns in the Aktobe Region (1928–1930): A Collection of Documents]. Aktobe; 2023. 300 p. [In Kazakh]
- Asylbekov, Asylbekova, 2016 – *Asylbekov M-A Kh. Asylbekova Zh M-A. Sotsial'no-demograficheskoe razvitie naseleniya Kazakhstana v 1926–1939 gg.: monografiya* [Socio-demographic Development of the Population of Kazakhstan in 1926–1939: Monograph]. Almaty: Kazakh University; 2016. 146 p. [In Russian]
- Devis, Uitkroft, 2011 – *Devis R. Uitkroft S. Gody goloda: sel'skoe khoziaistvo SSSR, 1931-1933* [The Years of Hunger: Soviet Agriculture, 1931–1933]. Moscow: Russian Political Encyclopedia (ROSSPEN), 2011. 543 p. (History of Stalinism). [In Russian]
- Kameron, 2020 – *Kameron S. Golodnaya step': golod, nasilie i sozdanie Sovetskogo Kazakhstana* [The Hungry Steppe: Famine, Violence, and the Making of Soviet Kazakhstan]. Moscow: New Literary Observer; 2020. 360 p. [In Russian]
- Khaidarov, 2022 – *Khaidarov E. Batys Qazaqstan oblysyndaǵy khalyq köterilisteri (1928-1932 jj.)* [Popular Uprisings in the West Kazakhstan Region (1928–1932)]. Oral: DANA Center; 2022. 200 p. [In Kazakh]
- Khaidarov, 2022 – *Khaidarov E. Orda bailarynyñ bas köterýi* [The Uprising of the Orda Bais]. Egemen Qazaqstan. 2022. Jun 13. №110. URL: <https://egemen.kz/article/315104-orda-bailarynyñ-bas-ko> (cited 2025 Oct 21). [In Kazakh]
- Khaidarov, 2022 – *Khaidarov E. Zhypmity köterilisi* [The Zypmity Uprising]. Batysmura.kz; 2022. Feb 19. URL: <https://www.batysmura.kz/zertteu-makalalary/2802-zhympty-koterilisi> (cited 2025 Oct. 28). [In Kazakh]
- Khaidarov, 2025 – *Khaidarov E. Banda emes, bostandyq úshin kúreskender* [Not Bandits, but Fighters for Freedom]. E-history.kz; 2025. Sep 19. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/5000065528> (cited 2025 Oct 29). [In Kazakh]
- Khalidullin, 2015 – *Khalidullin Ğ. Keñestik biliktiñ qazaq sharualaryna qatysty agrarlyq saiasaty (1917–1940): oqý quraly* [The Agrarian Policy of the Soviet Government Toward Kazakh Peasants (1917–1940): Textbook]. Almaty; 2015. 202 p. [In Kazakh]
- Kindler, 2024 – *Kindler R. Nomades Staliniani: Potestas et Fames in Kazachstania. e lingua Anglica vertit O. Akhmet. Stalin's Nomads: Power and Famine in Kazakhstan* [Stalin's Nomads: Power and Famine in Kazakhstan. Translated from English by O. Akhmet]. Astana: Foliant; 2024. 432 p. [In Kazakh]
- Konkvest, 1986 – *Konkvest R. The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-Famine* [The Harvest of Sorrow: Soviet Collectivization and the Terror-Famine]. New York: Oxford University Press; 1986. 408 p.
- Kozybaev et al., 1992 – *Kozybaev M.K. Abylkhodzhin Zh.B. Aldazhumanov K.S. Kollektivizatsiya v Kazakhstane: tragediya krest'yanstva* [Collectivization in Kazakhstan: The Tragedy of the Peasantry]. Alma-Ata; 1992. 37 p. [In Russian]
- Mukhatova, 2016 – *Mukhatova O. Qazaqstan tarihyńyñ tarihnamasy: Oqu quraly* [Historiography of the History of Kazakhstan: A Textbook]. Almaty: Kazakh University; 2016. Pp. 310–311. [In Kazakh]
- Musagalieva, 2022 – *Musagalieva A.S. Qazaqstandaǵı halıq köterilisteri jáne narazılıqtarı (1929–1931 jj.)* [People's Uprisings and Protests in Kazakhstan (1929–1931)]. *Otan Tarikhy* [Homeland History] № 3(99). 2022. Pp.88–93. [In Kazakh]
- Ohayon, 2009 – *Ohayon I. E lingua Francogallica vertit L. T. Rakisheva; collegit B. M. Suzhikov. Sedentarizatio Kazachorum in URSS sub Salino: Collectivizatio et Mutationes Sociales (1928–1945)* [Sedentarization of the Kazakhs in the USSR under Stalin: Collectivization and Social Changes (1928–1945)]. *History of Kazakhstan in Western Sources (12th–20th centuries)*. Vol. 11. Almaty: Sanat; 2009. 368 p. [In Russian]
- Omarbekov, 1993 – *Omarbekov T. Menshik ieleri qalaı zhoiylıdy?* [How Were the Property Owners Eliminated?]. *Aqiqat*. 1993. (9). 67 p. [In Kazakh]
- Omarbekov, 1994 – *Omarbekov T. Zobalan (Kushtep üzhymdastyruǵa qarsylyq): Oqu quraly* [Zobalan: Resistance to Forced Collectivization: Textbook]. Almaty: Sanat; 1994. 272 p. [In Kazakh]

- Omarbekov, 1994 – *Omarbekov T. Zobalan (Resistentia contra Collectivizationem Coactam): Liber scholasticus* [Zobalan (Resistance to Forced Collectivization): Textbook]. Almaty: Sanat; 1994. Pp. 252–253. [In Kazakh]
- Omarbekov, 1997 – *Omarbekov T. 20-30 jıldardaki Qazaqstan qasıreti. Kömekşi oqu quralı* [Kazakhstan's Tragedy of the 1920s–1930s: Supplementary Textbook]. Almaty: Sanat; 1997. 320 p. [In Kazakh]
- Qoigeldiev, Omarbekov, 1993 – *Qoigeldiev M. Omarbekov T. Tarikh ғылымы ne deidi?* [What Does Historical Science Say?]. Almaty: Ana Tili; 1993. 203 p. [In Kazakh.]
- Sinitsyn, 2019 – *Sinitsyn A. Civitas Sovietica et Nomade* [The Soviet State and the Nomads]. 2019. 318 p. [In Russian]
- Siyasi qughyn-sürgin..., 2022 – *Siyasi qughyn-sürgin qurbyndaryn tolyq aqtau jönindegi Memlekettik komissiyaning materialdary (XX ғасыrdyń 20–50 jyldary)*. Vol. 4 [Popular uprisings and protests in Kazakhstan, 1920–1930s. Collection of documents and materials]. Compilers: Musagalieva A.S. Kasymov S.A. Kozybayeva M.M. Abdigaliuly B. Isakhan G.T. Zhylisbaeva M.G. Allanizov T.K. Grivennaya L.A. / Under general editorship of E.T. Karina. Astana: 2022. 536 p. [In Russian]
- Söwşennen sekretno, 2004 – *"Söwşennen sekretno": Lubyanka – Stalinniń eldiń jaǵdayı turalı (1922–1934)* [Top Secret: Lubyanka to Stalin on the State of the Nation (1922–1934)]. Vol. 6, 1928. Moscow; 2004. 804 p. [In Russian]
- Tragediya kazakhskogo aula, 2018 – *Tragediya kazakhskogo aula. 1928-1934: Sbornik dokumentov* [The Tragedy of the Kazakh Aul, 1928–1934: Collection of Documents]. Sost. Zulkasheva A.S. (otv.), Isakhan G.T. Satayeva Zh.A. Almaty: Raritet; 2018. 744 p. [In Rus.]
- Zhūmagūlov, 1999 – *Zhūmagūlov B. Keńes ókimetiniń agrarlyq saiasaty jáne Adai köterilisi (1922–1933 jj.)* [The Agrarian Policy of the Soviet Government and the Adai Uprising (1922–1933)]. Almaty; 1999. 157 p. [In Kazakh]
- Zhūmagūlov, 2021 – *Zhūmagūlov B. Súrqiia saiasat soıǵany* [The Atrocity of the Treacherous Policy]. Almaty; 2021. 312 p. [In Kazakh].

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2025. Т. 28. № 4

<i>Uryustyumova A., Sadvakassova Zh., Omurova Zh.</i> KAZAKHSTAN-KYRGYZSTAN CULTURAL DIPLOMACY (2015–2025): THE ROLE OF TURKSOY AND OTHER CULTURAL PLATFORMS.....	990
<i>Sailaubaeva A.K., Zhumatai S.</i> THE ROLE OF THE AKHMET RIZA MADRASAH IN THE EDUCATIONAL AND ENLIGHTENMENT ACTIVITIES OF THE SEMEY REGION.....	1000
<i>Akshanova A.M., Otepova G.E., Kabidenova Zh.D.</i> NATIONAL PERSONNEL POLICY IN THE PAVLODAR REGION UNDER THE FUNCTIONAL NORM OF KORENIZATSIYA (INDIGENIZATION).....	1009
<i>Kapassova G., Sadvakassova Zh., Kaliyeva K.</i> HISTORICAL FORMATION AND DEVELOPMENT TRENDS OF TOURISM IN THE ALAKOL AND ISSYK-KUL REGIONS: A COMPARATIVE ANALYSIS.....	1020
<i>Dossymova M.K.</i> THE GENERAL SITUATION OF THE OTTOMAN EMPIRE AND RUSSIA IN THE FINAL STAGES OF THE FIRST WORLD WAR.....	1033
<i>Baigabatova N., Abdrakhim M.</i> ADAPTATION CHALLENGES OF ETHNIC REPATRIATES IN POST-SOVIET KAZAKHSTAN: A HISTORICAL-CONTEXTUAL ANALYSIS.....	1050
<i>Dalayeva T., Idrissova A.</i> VISUAL SYMBOLISM OF ECONOMIC HISTORY IN TEXTBOOKS ON THE MODERN HISTORY OF KAZAKHSTAN (SECOND HALF OF THE 20TH–EARLY 21 CENTURIES).....	1063
<i>Sadvakassova Zh., Kapassova G.</i> KAZAKHSTAN KYRGYZ AND KYRGYZSTAN KAZAKHS: ETHNODEMOGRAPHIC TRANSFORMATION AND MIGRATION IN THE FIRST DECADE OF INDEPENDENCE.....	1080
<i>Zhussip S.A., Nurpeisov Y.K., Maslov Kh.B.</i> ALASH ORDA'S SOVEREIGN FOREIGN POLICY: NEGOTIATIONS WITH THE CZECHOSLOVAK DELEGATION (1918-1920).....	1091
<i>Токашева А.Н., Жуманова А.З.</i> 1944 ЖЫЛҒЫ БКП(Б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕГІ ТАРИХШЫЛАР КЕҢЕСІ: КЕҢЕС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТ.....	1107

Сулейменова А.Т.РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ ҚАЗАҚСТАНДА
1925–1933-ЖЫЛДАРЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН НАУҚАНДАРДЫ
ЗЕРТТЕУДІҢ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....1117**Абсаликов А.А., Бисенова Г.А.**ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О КОК ОРДЕ (СИНЕЙ ОРДЕ) И АК ОРДЕ
(БЕЛОЙ ОРДЕ): ПРОБЛЕМЫ ЛОКАЛИЗАЦИИ И РЕКОНСТРУКЦИИ
В ИСТОРИКО-ГЕОГРАФИЧЕСКОМ КОНТЕКСТЕ.....1136**Молдин Б.А., Мәден А.Т.**XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҚТАРЫ МЕН КӨТЕРІЛІСТЕРІ МӘСЕЛЕСІНЕ
ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....1148**Бейсенбаева Г.К., Касенова А.Д., Богенбаева А.К.**

ПОЛЕВЫЕ АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ДЛЯ ШКОЛЬНИКОВ.....1166

Рахметова Ә., Сарсембаева Г.ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА
БАҒЫТТАРЫ (2021–2025 жж.).....1177**Есназарова З.Б.**АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ И СОЦИАЛЬНО-
ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДОВ
КАРАКАЛПАКСТАНА. 1873–1926 гг.....1189**Базарбаев К., Амирбек А., Акдениз Э.**XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-
САЯСИ САНАСЫНДАҒЫ ТҮРКИЯ ФАКТОРЫ.....1205**Шолахов М.Г., Алпысбес М.А.**

РЕФОРМЫ ЖАНГИР-ХАНА.....1215

Мамраймов С.Д.1937 ЖЫЛҒЫ №00447 БҰЙРЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
КЕҢЕСТІК РЕПРЕССИЯЛЫҚ АППАРАТТЫҢ
ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ТЕТІКТЕРІ.....1230**Ескалиев С.А., Айтенов Ж.К.**КОММУНИСТІК ПАРТИЯ МЕН КЕҢЕСТІК МЕМЛЕКЕТТІЛІК:
ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЭВОЛЮЦИЯСЫ
(ТАРИХИ АСПЕКТ).....1245**Сағнайкызы С., Сартаев С.А., Нусунбаева С.А.**КОРРУПЦИЯ И ПОЛИТИЗАЦИЯ: ОТРАЖЕНИЕ ТРАНСФОРМАЦИИ
ПРАВООХРАНИТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСКОЙ АССР НА СТРАНИЦАХ
ГАЗЕТЫ «ЕҢБЕКШІ ҚАЗАҚ» (КОНЕЦ 1920-х – НАЧАЛО 1930-х ГОДОВ).....1260

Қуаныш С.О., Айдосынова Г.Ж., Мурзаходжаев Қ.М.

АТЫРАУ Өңіріндегі қуғын-сүргін: өлім жазасына

КЕСІЛГЕН ДІН ӨКІЛДЕРІ.....1271

Хайдаров Т.Ф., Бейсембаева А.Р.

XIV Ғасырдың екінші жартысында жошы ұлысында

болған індет.....1284

Түлебаев Д.Ж., Симтиков Ж.К.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ТІЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ.....1293

Ашимова У.А., Қалшабаева Б.К.

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ДӘСТҮРЛІ КИІМІНДЕГІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ

ҮРДІСТЕР: МӘДЕНИ ЖАД ПЕН ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ТҮЙІСІНДЕ.....1304

Kabuldinov Z.Y., Mussabalina G., Beisembayeva A.

KAZAKH-OIRAT RELATIONS IN THE CONTEXT OF REGIONAL

TRANSFORMATIONS IN CENTRAL ASIA (15th – EARLY 17th CENTURIES).....1319

Ерғабылов А.Е.

ЖЕТІСУ ЖӘНЕ ІЛЕ АЛАБЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРДЫҢ

ЗЕРТТЕЛУІНДЕГІ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

(1991-2023 ЖЖ. ЗЕРТТЕУЛЕР НЕГІЗІНДЕ).....1331



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru